# АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 23 (508) 8 маусым, 2023 жыл




*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**

# «ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ ОРНАТЫП КЕЛЕМІЗ»



**Сыр өңірінде жастар саясатының жүзеге асырылуында аймаққа қарасты әр аудан, әр ауылдың белсенді, тұлға ретінде қалыптасқан жастарының өзіндік үлесі бар. Бір ауыл – тұтас бір мемлекеттің айнасы. Осы орайда Қазалы аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Нұрбек Ақпанбетовпен маңызды мәселелер, аудандағы жастар саясатының жүзеге асырылуы жайында сұқбаттасқан едік.**





**– Бос уақытта пайдалы дүниемен айналысу – қоғамға ортақ мәселе. Аудан жастары бос уақытын қалай өткізеді?**

– Ауданда 23907 жас бар. Ол аудан халқының 29,9 %-ін құрап отыр. Соның ішінде 22 822-сі ауыл жастары болса, 1085-і Қазалы қаласында тұрады. Біз ұйымдастырған шаралар – жастардың әл-ауқатын көтеру мен шығармашылығын шыңдауға, патриоттыққа баулуға бағытталған. Айта кетейін, жыл басынан бері 30 мәдени шара, 17 спорттық сайыс, 6 кеңес беру акциясы, жастар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша 30-дан астам рейдтік шара ұйымдастырылып, «жастарға кеңес» акциясы аясында 800 жасқа кеңес берілді. Сонымен қатар «Жаңа дәуір – Жаңа Қазақстан» тақырыбында жастар фестивалі ұйымдастырылды. Маусым-тамыз айында жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Жастар керуені» атты жоба бастау алмақ. Көшпелі қоғамдық қабылдауларды ұйымдастыру жоспарлануда.

**– Бұл фестивальдің ерекшелігі неде? Мұндай жоба бұрын-соңды болмаған секілді..**

– Иә, өткен жылы бастау алған фестивальдің нәтижесі аудандық Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында өткен кеште қорытындыланды. 4 бағыт бойынша ұйымдастырылған жобаға барлығы 157 жас қатысты. Нәтижесінде ғылыми жобалар бағыты бойынша үздік деп танылған жеңімпаздарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу гранты және оқу ақысына 50%, 25% жеңілдікпен оқу сертификаттары, бағыттарына байланысты барлығы 300 мың теңгенің көлемінде қаржылай сыйақы табысталды.

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында білім тұрады. Білімділігі мен біліктілігін байқатқан аудан жастары «Интеллектуалдық сайыс», «Патриоттық әндер», «Бизнес жоба» бойынша бақ сынасты. Енді жыл сайын аудан мен ауыл жастарын қамтитын фестивальді тұрақты түрде өткізетін боламыз.

**– NEET санатындағы жастар санын азайту бағытында қандай шаралар қолға алынды?**

– NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту, олармен диалог орнату – мемлекет алдындағы ортақ міндет. Аудан бойынша NEET санатына кіретін 829 жас бар. Жастардың дерекқорын анықтау мақсатында сәуір айының 7-14 күндері ауданаралық аурухананың арнайы РПН базасы, жұмыспен қамту орталығының базасы, Қазалы ауданының полиция бөліміндегі көші-қонның базасы бойынша және учаскелік полиция қызметкерлерінің қызметтік планшеттен жеке сәйкестендіру номерлері арқылы нақты байланыс құралдары мен мекен-жайлары анықталды. Осы бойынша адрестік жұмыстар жүргізілді.

Аудан бойынша «Отбасылық цифрлық карта» базасында ақпарат енгізілді. Оның ішінде мектепте оқып жатқан – 1, ЖОО студенті – 23, колледж студенті – 10 жас, шетелде білім алатын – 1 жас, тіркелмеген жұмыссыз – 146, бейресми жалдамалы жұмысшы – 394, бала күтімінде, үй шаруасында – 64, оқуды жалғастырғысы келмейтін, білімі жоқ – 1, өзге қалаға қоныс аударған – 15, 35 жасқа толған – 174 жас бар.

«Бұдан бөлек пробация есебінде тіркеуде тұрған жастардың тұрғылықты мекен-жайын анықтап, мақсатты жұмыс жүргізіп келеміз. Қазіргі таңда 30 жас тіркеуде тұр. Оның 3-еуі – студент. Алдағы уақытта да барлық елді мекендерде жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және NEET санатындағы жастарды мемлекеттік бағдарламаға кеңінен тарту, ауданның шығармашыл жастары мен ауыл жастарының арасында байланыс орнату, олардың еркін ұсыныс-пікірін тыңдау шараларын жүзеге асыратын боламыз. Ең бастысы – жастармен тікелей байланыстамыз, түрлі тақырыпта ашық тілдесе аламыз.

**– «Жастар керуені» жолға шықты ма?**

– Өткен жылы кент, ауданға қарасты барлық ауыл жастарының басын қосып, «Жастар керуені» жобасын іске асырған едік. Ал биыл аталған жоба ауқымды форматта ұйымдастырылмақ. Яғни, әр сенбі-жексенбі күні бір ауылға ауданның белсенді жастары барып, бірлесе отырып, бір күн бойы сан түрлі шараға қатысады. Керуен өнерлі жастардың кешкі концертінен соң аяқталып, келесі аялдамаға бағыт алады. Әр ауылға барғанда ұйымдастырылатын жобаның бағдарламасына спорттық жарыстар, әжелер мен жас келіндер арасында ұршық иіру сайысы, балалар арасында сурет байқауы, интеллектуалдық, танымдық жас отбасылар байқауы, балық аулаудан жарыс, тарихи жерлерге экскурсия, ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру және қоғамдық қабылдаулар жасау, аудан әкімі М.Оразбаевтың жастармен бейресми кездесуі кіреді.

Әр ауылда осындай тәрбиелік, рухани мәні бар шараларды өткізіп, кешкі уақытта «Мүмкіндіктер керуенін» өткізетін боламыз. Яғни, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар бойынша тегін кеңес беріліп, жауапты мамандардан сұрақтарына жауап алатын болады. Ал шараның қорытынды кезеңінде кешкі концертте ауылдық мәдениет үйіндегі үйірмелерге қатысатын жастар өнер көрсетеді. Осылайша ауылдық жерлердегі үйірме жұмыстарына да мониторинг жасайтын боламыз. Жалпы «Жастар керуені» – ауыл жастарымен жақын танысуға, олардың талап-тілегіне құлақ асуға үлкен мүмкіндік.

**– Сұқбат үшін рақмет!**

**Әңгімелескен**
**Дина БӨКЕБАЙ**

# АУЫЛ ДАМЫСА, АЛҒА БАСАМЫЗ



**Қалалардың өсіп, ауылдың іріленуі – өркениетті қоғамның жетістігі. Алайда, ауылдан біржола тамыр үзіп қалмау өзекті мәселе. Алыптардың көбі осы ауылда дүниеге келгенін ескерсек, болашақта бұл үрдістің жібі үзілмес үшін мұнда ұлттық мәдениеттің ошағы, заманауи білімнің бастауы сақталуы тиіс. Бұл ретте Сыр өңірінде ілкімді іс, қолға алынған бірқатар жоба бар. Жақында үздік елді мекендер мен үлгілі шағын аудандарды іріктейтін конкурс өтпек. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.**

«Конкурс елді мекендерде адам өмірі мен денсаулығына қолайлы орта қалыптастыру үшін өтуде. Жеңімпаздарды «Үлгілі ауыл», «Үлгілі аудан орталығы», «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациялары бойынша тәуелсіз сарапшы комиссия анықтайды», – деп хабарлады аймақ басшысы.

Конкурс шарттары бойынша «Үздік аудан орталығы»,«Үздік ауыл» және қаладағы «Үздік шағын аудан» анықталып, жеңімпаздарды қоғамдық ұйым өкілдері, экобелсенділер мен еріктілерден құралған тәуелсіз комиссия таңдайтын болады. «Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша І орынға арнайы жол тазалағыш КАМАЗ және қалдық тасымалдаушы МАЗ автокөлігі, ассенизатор мен кран-манипулятор берілмек. Ал ІІ орынға қалдық тасымалдаушы көлік, ассенизатор және жол тазалаушы трактор тағайындалған. ІІІ орынға ассенизатор мен жол тазалаушы трактор сыйға берілмек. «Үздік ауыл» номинациясын иеленген үш ауылға да бағалы сыйлықтар табысталады. І орын алған ауылға жер қазатын трактор мен самосвал ЗИЛ автокөлігі, ІІ орынға жер қазатын трактор мен тіркеме, ал ІІІ орынға жер қазатын трактор беріледі. «Үздік шағын аудан» номинациясы бойынша І орын алған шағын ауданға сквер, спорт алаңы салынады. ІІ орынға абаттандыру мен спорттық ойын алаңы сыйға берілсе, ІІІ орынға абаттандыру жобалары тарту етілмек. Конкурс нәтижесімен жеңімпаздарға 14 техника табысталмақ. Бұдан бөлек, озық шыққан елді мекенге скверлер мен спорттық алаңдар салынып, көше-аулалары жарықтандырылады. Алдағы уақытта конкурс дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіледі деп жоспарланған.

Бұдан бөлек, биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасын Қызылорда облысында жүзеге асыруға 3 млрд теңге қарастырылғаны да мәлім. Ауыл тұрғындарының бизнесін бастауға немесе бұрыннан бар бизнесті дамытуға мүмкіндігі бар. Жеңілдікпен несие мөлшерлемесі енгізіліп, бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Тек талап етілетін басты нәрсе – бастама көтеру мен жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Ал «Ауыл аманаты» тектес бағдарламалар тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартудың бір қадамы болмақ.

**А.СНАДИН**

# АРМАН ЖАПОНИЯДА БАҚ СЫНАЙДЫ

**Жыл өткен сайын Сыр жастарының ғылым-білімге ұмтылысы, байрақты бәсекеге деген құлшынысы артып келеді. Әсіресе, әлемдік білім бәсекелерінде топ жарған сырбойылықтың қатары көбеюде. Жуырда «Asian Physics Olympiad» (APhO) олимпиадасында бой көрсеткен Арман Бақытов та – аймақ абыройын қорғап жүрген талант.**



Моңғолия төрінде өткен дәстүрлі сайысқа Қазақстан өз дарындарын үкілеп қосты. Ел құрамасы сапында білімін сынға салған Арман командаластарымен жемісті нәтиже көрсетіп, абырой биігінен көрінді. Физика саласы бойынша құнды тәжірибе жинақтап, аталған бағыттағы заманауи үрдістерді бақылауға мүмкіндік алды. Додада Қазақстан құрамасы үздік нәтиже көрсетіп, бір алтын, екі қола медаль иеленді.

Алтын медаль Алматыдағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Ерсұлтан Пітебайға бұйырды. Ол былтыр Үндістанда өткен сайыста қола жүлде алған болатын. Сондай-ақ Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Әлішер Еркебаев Азия олимпиадасының қола жүлдесін екінші мәрте еншіледі. Жеңімпаздар қатарына Сыр дарыны – Арман Бақытов та енді. Ол халықаралық сайыста ІІ орын иеленіп, білім-білігін дәлелдей алды.

– Жарыс қызықты өтті. Қарсыластардан үйренеріміз де, оларға үлгі болар тұсымыз да жеткілікті екенін байқадық. Тынымсыз ізденіс пен білім алуға деген ұмтылыс жеңіске жетелеп, халықаралық сайыстан олжалы оралдық. Дегенмен ең басты жетістік – физика саласына қызығушылығымның арта түсуі. Себебі, осындай бәсекелерде ғылым жолының мәнін, адамзат үшін маңызын жете түсінемін. Таңдаған жол, алған бағыттың дұрыстығына сенім ұлғаяды, – дейді жеңімпаз.

Бүгінде Арман С.Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы. Сабақ үлгерімі мен тәртібі өзге оқушыларға үлгі болып, мектеп абыройын асқақтатып келеді. Физика пәнінен республикалық, облыстық олимпиада жүлдегері. Сондай-ақ, халықаралық «Туймаада-2022» және Жәутіков пәндік олимпиадасы мен Қазақстан білім олимпиадасы (КБО) байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Жетекшісі – физика пәнінің мұғалімі Рамазан Хитаров та білімге ұмтылған жасты жазбай танып, тиісті бағыт-бағдар беруде.

Қазіргі таңда Арманға көптеген мүмкіндік есігі ашылуда. Мәселен, ол жуырда «Үздік аттестатқа» ұсынылса, SAT және IELTS халықаралық емтиханынан үздік нәтиже көрсету арқылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Гонконгтағы City университетінің грантын жеңіп алды. Алда жас физикті тағы бір маңызды дода күтіп тұр. 10-17 шілде аралығында Жапонияда физика пәнінен өтетін халықаралық олимпиадада бақ сынайды.

Еске сала кетейік, «Asian Physics Olympiad» олимпиадасы 2000 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл – Азия-Тынық мұхиты елдерінің оқушылары жыл сайын қатысатын беделді білім бәйгесі. Биылғы бәсеке Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласында өтті. Оған 27 елден 200-ден аса оқушы қатысты.

**Р.МАҚСҰТ**

# МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҚАЙТСЕ АЗАЯДЫ?

**Қазақтың қанына сіңген кәсіп – мал шаруашылығы. Тірліктің тірегіне айналған төрт-түлік күнделікті қажеттілікті өтеп, жесе – азық, кисе – киім, мінсе– көлік болған. Тиісінше, мал жайының жайлылығын ойлаған шаруа азық-жеммен қамтамасыз етіп, аяқ асты келер аурудан сақтап, өріске жібергенде де көзінен таса қылмайды. Содан болар есен-саулық сұрасқанда «мал жаның аман ба?» деп түліктің де халін біледі. Дегенмен мал ұрлығы – шаруаны сергелдеңге салып, жағдайды мүшкіл етіп отыр. Қыстың қаһарлы бораны мен жаздың аптап ыстығына қарамастан асыраған малынан қапияда айырылса қапа болмағанда қайтеді? Ұртын майлауға асыққан ұрылар да соғым еттен дәмеленіп, қораға көз тігуін қояр емес. Шамасы жетсе жұттай тонап, жұрдай етуге даяр. Сондықтан айласы асқан баукеспеге бөгет болу бәрінен маңызды. Ендеше облыста мал ұрлығының тіркелуі мен қылмыстың құрықталуы қай деңгейде? Осы жайында тарқатып көрелік.**

2 бетте

# ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР ОТАНДЫҚ КИІМДІ КИІП ЖҮР

Ал премьер-министр 4 айдың қорытындысы бойынша ел экономикасы жақсы өсу қарқынын көрсетіп отырғанын атап өтті. «Жалпы ішкі өнім көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға ұлғайды. Экономиканың базалық салаларында оң динамика сақталды. Өңдеу өнеркәсібі 5,1%-ға өсті», – деді Әлихан Смайылов.

Иә, сандарды сөйлетсек, 4 айдың қорытындысы бойынша Абай, Жетісу, Ұлытау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында барлық макрокөрсеткіштердің өсуі тіркеліп отыр. Ал ең төмен көрсеткіш – Атырау және Ақтөбе облыстарында байқалған.

Аймақта дамудың даңғыл жолына түскен, атап айтарлық саланың бірі – киім өнеркәсібі. Осы орайда шағын ауданда ашылғанмен, Қазақстанның өзге қалаларынан да тапсырыс қабылдап отырған «Өркен Әлем» ЖШС-нің арнайы киім тігу және әскери каска дайындау цехы жайлы сөз қозғасақ.

Шағын ауданнан арнайы формалар мен әскери киімдерді тапсырыспен тігетін үлкен цех қалай ашылды? Жалағаштық Жақсылық Өздембаевқа 2015 жылы облыс әкімі жанындағы Өңірлік үйлестіру кеңесінің оң қорытындысына сәйкес «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағынан 1 гектар жер телімі рәсімделіп берілген. Жалпы киім тігуді қолға алған серіктестіктің бүгінгі бағыты – арнайы киімдер тігу және әскери каска дайындау.

«Әрекетке – берекет. Аталған киім өндірісін бастағанымызға 7-8 жылдай болып қалыпты. Жылдан жылға жұмысымыз жүйеленіп, жаңа киім түрлерін қосып, бағытымыз жаңалануда. Қоғамға пайдалы, елдің қалтасына қонымды, сұранысқа сай дүниелер жасағымыз келеді.

Әскери киім тігу, аталған саланың қызметкерлерін арнайы формаларымен қамтамасыз ету – мен үшін үлкен қуаныш. Мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласына тамшыдай болса да үлес қосып жатқанымды сезінемін. Ең бастысы, Отанымыздың қауіпсіздігі үшін қызмет ету барысында отандық киімдерді кию қандай мәртебе! 2018 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінен 5630 дана кеудешеге және 2125 дана каскаға арналған сыртқы қапқа тапсырыс қабылданып, дайындалды. Ал 2019 жылы аталған мекемеден жалпы құны 1 млрд 515 млн теңгені құрайтын 5000 дана кеудеше мен 11000 дана каскаға арналған сырт қап, 50 дана арнайы киімдерге тапсырыс берілсе, 2021 жылы 9 000 дана кеудеше, әскери каска – 15 000 дана және «Сақтау» қорғаныш костюмы – 500 дана өндіріліп, Қорғаныс министрлігінің тапсырысы толықтай орындалды. Әлі күнге дейін сапаға сын айтылған жоқ», – дейді цехтың басшысы.

Айта кетейік, қазіргі таңда киім цехының жылына құны 5 млрд 50 млн теңгені құрайтын 7500 данаға дейін кеудеше, 15 000 данаға дейін каскаға арналған сыртқы қап, 15 000 данаға дейін әскери каска және 500 данаға дейін арнайы киім тігуге мүмкіндігі бар.

2019 жылы аталған өндіріс ғимаратын кеңейтіп, Оңтүстік Кореядан құны 30 млн теңгені құрайтын каска дайындауға қажетті арнайы құрал-жабдықтар алдыртқан. Нәтижесінде киімдермен қоса арнайы әскери каска өндірісін бастады. Сонымен қатар цехта газтұтқыш, парашют және жалпы әскери қорғаныш жиынтығын (ОЗК) тігу мақсатында кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Басталған бірнеше жылдың аясында өндіріске қажетті жоғары технологиялармен қамтамасыз етіліп отыр.

– Өңдеу өнеркәсібі мен өндірістің болуы ең алдымен жұмыс күшінің қажеттілігі үшін жұмыс орнын көбейтуге мүмкіндік береді. Бір ғана өнеркәсіп арқылы жүздеген жұмыссыз адамды тұрақты жұмысқа орналастыруға болады. Біздің цех Жалағаш ауданы бойынша 60 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Өнеркәсіп жұмысын жандандыру мақсатында құрылыс жұмыстары мен құрал жабдықтар сатып алу үшін 880 млн теңге көлемінде қосымша инвестиция тартылған. Алдағы уақытта цех жұмысын кеңейту бағытында ауқымды жұмыстар атқарып, тағы да аудан тұрғындарын жұмыспен қамту жоспарда бар. Туған жердің экономикасын түлетуге тамшыдай болсын үлес қосып жатқаныңды сезіну бір бақыт болса, жұмыссыздық деңгейін азайтып, қоғамға пайдаңды тигізу бөлек қуаныш. Сондықтан цех көлемі ұлғайып, тапсырыс пен ассортимент саны артса, жаңа жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздар санын азайтқым келеді, – дейді Жақсылық Өздембаев.

Айта кетейік, цех қызметкерлері өткен жылы 4500 дана газтұтқыш, 90 дана парашют, 5000 дана жалпы әскери қорғаныс жиынтығы, 300 дана әскери камуфляжды сетка, 1900 дана қорғаныс көзілдірігі, 3785 дана кеудеше, 15 дана «Сақтау» арнайы киімі, 2307 дана әскери каска, 255 дана «Бр3» бронды кеудешесіне берілген тапсырыстарды толықтай орындап шыққан.





Сонымен қатар «Өркен Әлем» ЖШС өнімдері Республикалық, Халықаралық өнеркәсіп бұйымдарының көрмесінде ерекше көзге түсіп, кәсіби көрмелерде марапатталып жүр. Соның ішінде 2016, 2018 жылы екі рет Kadex халықаралық көрмесінде арнайы сертификатқа ие болған. Әрине, ісін сүйетін жандардың қолынан шыққан дүние ыстық ықылас пен жақсы пікірсіз қалмайтыны анық. Ондай адамдар көзге түсуге, көрінгеннен мадақ естуге ұмтылмайды да. Кәсіптің берекесі де сонда болса керек. Атақ пен мадақ күтпей, қоғамға пайдалы болуды мақсат тұтқанда, қол жетпестей көкте көрінген жетістіктер мен нәтижелер жиілеп, өзі-ақ адамын тауып алады.

**Д.МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**



**Мемлекет экономикасының дамуы әрбір өнеркәсіп саласының өсу көрсеткішіне тәуелді. Жақында қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев қаңтар-сәуір айларында мемлекеттік бюджетке 6,1 трлн теңге кіріс түсіп, жоспар 104,6 %-ке орындалғанын атап өткен болаты. Атап айтқанда, республикалық бюджет 4 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 2 трлн 123 млрд теңгеге толыққан. Яғни, барлық өңір бойынша кіріс жоспарлары асыра орындалды.**

# ҚАЙЫҚТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНГЕН

**Кіші Аралға өткен жылдарыдан мол су түскенін естідік. Кейінгі жылдары жағалаудан 500-700 метрге дейін алыстаған теңіз жағасындағы елге бұл көп күткен қуаныш болып тұр. Иә, елдегі жігіттер балық аулайды. Әсіресе теңіз маңына жақын Қаратерең, Жаңақұрылыс, Бөген, Қарашалаң, Аманөткел, Қамбаш ауылдары. Қыр жақтан Ақбасты мен Ақеспедегі ағайын да мұны ұмытпады. Кәсіп қылып, пұл тауып жүр.**

Біздегі дария мен теңізге түсіріп жүрген қайықтың көбін ауыл жігіттері соғып келді. Қолы ұзындары ресейлік «Прогресс» темір қайығын алып мінді. Қос қолмен ескек ескеннен гөрі моторлы әрі жылдам қозғалатынын есепке алатын.

Осыдан бірнеше жыл бұрын аралдық кәсіпкер Жансерік Нысанбаевтың қайық істей бастағанын естідік. Пластикалық өнімнен арнайы қалыпқа құйып шығарыпты. Металл қайықтай емес, жүзгенде қауіпсіз. Төңкерілсе де суға батпайды. Айтпақшы, Жансерік өз кәсібін алғашында жиһаз құрастырып бастаған еді. Ал әзірге облыста оның қайық өндірісіне бәсекелес жоқ.

– Әу баста құрылыс саласына қатты қызықтым. Кейін жоғары оқу орнында жүріп, Ақтөбе қаласында түрлі жұмыстың басын шалдық. Бір жағынан, ата-анаға салмақ салғым келмеді. Оқу ақысын өзім табам деген ниетпен қаладағы жиһаз сататын дүкенге жұмысқа орналастым. Жиһаз құрастыра жүріп, қолым әбден машықтанды. Негізінде атам Сенбі, өз әкем Темірбай да ағаш пен темірден түйін түйген ұста болған. Содан болар, бұл өнерді үйрену қиындық тудырмады. Ақыры, ойлана келе 2009 жылы бар қаражатымды жиып, станок сатып алдым. Арал қаласынан жалға ғимарат алып, өзімізше жиһаз цехын аштық. Нәтиже жаман болған жоқ, өнімдеріміз елге ұнады. Жеке тұрғындардан бөлек, мекемелер де тапсырыс бере бастады,– дейді кәсіпкер.

2012 жылы Жансерік өз күшімен бос жерге ғимарат салып, цехты үлкейтеді. Екі жылдан соң «Даму» қоры» арқылы «Халық банкінен» төмен пайызбен несие алып, жаңа әрі соңғы үлгідегі құрал-жабдықтарын түгендейді.

– Негізінен кәсіпкер жергілікті жерге нағыз керек затты есепке алу керек. Өзім «аралдықтардың басты тіршілігі не?» деген сұрақпен бас қатырдым. Әрине, біздің ел туралы айтсақ, алдымен еске түсетіні – балық пен тұз. Расымен, кейінгі жылдары аудан көлемінде балық аулау кәсібі жанданды. Теңізден бөлек, өзен мен көлден ауланған балықты өзіміздегі зауытта өңдеп, экспортқа шығарып жүрміз. Ал енді



балықшыға суға түсіп аулау үшін қайық керек емес пе? Мұны біздің жігіттер ағаштан соғып алады немесе сырттан сатып әкеледі. Ойлана келе осы керекті дүниені өзімізден шығаруға бел будық, – дейді ол.

Жансерік қайықтың технологиясын интернет арқылы үйренген. Алғашқы істеген жұмысы сәтсіз болғанмен тыңғылықты зерттеудің арқасында жобасы сәтті шыққан.

Қайық жасаудың шебері интернет арқылы бірнеше қалып үлгілерін қолдан істеп, сынақтан әбден өткізген. Әзірге ол қайықтың үш түрін шығаруда. «Прогресс-4», «Тримаран-410», «Касатка-520». Барлығы да шыныталшықты шайырдан, яғни, пластик өнімдерден құйылады. Керекті шикізатын Еуропадан алдырады. Төзімділігі темір мен алюминийден екі есе артық әрі тот баспайды, шірімейді. Сондай-ақ кәсіпкер тапсырыспен 4-5 метрлік құс қайықты да істей береді. Айына 5-6 қайық дайындалады.

– Бұл жоба 2016 жылы басталды. Талай сынақ пен ұйқысыз түндерді бастан кешірсек те, ең алғаш істеген қайықтың қуанышы әлі есімде. Қазір цехта тәжірибелі, өз ісіне жетік 8 адам жұмыс істейді. Барлығы осы елдің азаматы. Айлығы да тұрақты. Ғимараттың тарлығына байланысты қосымша цехты үлкейтпекпіз. Алдағы уақытта айына 10 қайыққа дейін шығару жоспарда бар. Сондай-ақ биыл құрылыс материалдарын шығаратын цехты іске қоспақпын. Ол цехтың жұмысына қажетті құрылғыларға тапсырыс та беріп қойдым. Бүгінде кәсіп ашам десең, жобаң мықты болса, мемлекеттен қолдау көп. Қайық пен жиһаз өндірісінен бөлек, енді Аралдан құрылысқа қажетті өнім шығатын күн алыс емес, – дейді аралдық кәсіпкер.

Әдепкіде Жансеріктің қайықтары Каспий теңізі, Балқаш пен Алакөлде жүзді. Ал жергілікті балықшылар былтырдан бері қызығушылық танытып келеді. Тапсырысты да жиілеткен. Өйткені бағасы қолжетімді. Ең қызығы, цехтағы жігіттер әр қайыққа иесінің атын әсемдеп жазып, қалауынша бояп береді. Айтпақшы, наурыз айында Шымкентте әр өңірдің өнімдері бойынша көрме өткен еді. Жергілікті өнімнің ішінде Аралдан шығатын қайыққа қызыққандар көп болған деседі. Иә, өзен мен теңізге керек өнім өзімізден болса, неге қуанбасқа?

Айта кетейік, бүгінде Арал ауданында 6062 шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар мен қаржы институттары арқылы барлығы 398,5 млн теңгеге 49 жоба несиелендірілген. Бұдан бөлек, 449 млн теңгеден астам қаражатқа 48 жоба іске аспақ. Ал «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасымен 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз гранты 30 адамға берілген.

**Бекмырза ЖАЛҒАС**

# ТЕГІН ЖОЛДАМА, КӨҢІЛДІ КАНИКУЛ




**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президент паркінде ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға қатысты.**

Паркте бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін «Мен бақытты баламын» музыкалық би композициясы мен дрон-шоу ұйымдастырылған, арнайы фотозона жасақталған.

«Біз ел болашағы – білікті де білімді ұрпақ қалыптастыруда барлық мүмкіндіктерге жол ашамыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылды «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. Атаулы жылда сырбойылық балалардың игілігі үшін 80 спорт-ойын алаңы пайдалануға берілді. Сонымен қатар Жалағаш ауданында 200 орынға арналған Оқушылар үйі, 50 орындық Өнер мектебі ашылды. Осы кезге дейін қаламызда бір ғана Оқушылар үйі болса, биыл сол жағалаудан «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орынға арналған заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының құрылысы басталды. Мемлекет басшысының қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда біздің өңірде 15 100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 заманауи мектеп құрылысы жүргізіледі. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады, оның 5-еуі облыс орталығынан салынады. Осы жоба аясында апатты мектептер мәселесі шешіледі», – деді аймақ басшысы.

Үш ауысым мәселесін шешу үшін қаладағы 4 мектепке қосымша ғимараттар салынуда. Бұл бастама нәтижесінде 5000-ға жуық орын тапшылығы жойылмақ.

Қазір инвесторлардың өз қаражаты есебінен салынған жеке мектептер желісі 24-ке жетті. Алдағы жылдары тағы 8 жеке мектеп ашу жоспарлануда. Сонымен қатар жыл соңына дейін Сыр өңірінде 5 жаңа мектеп оқушылар игілігіне табысталады.

Жуырда Қызылорда қаласы «Сабалақ» елді мекенінде дарынды балаларға арналған 150 орындық мектеп-лицей-интернаты пайдалануға берілсе, дәл осындай 150 орындық мектеп-интернат жаңа оқу жылында Қармақшы ауданында ашылады.

Үкімет басшысының Сыр еліне сапары кезінде 300 орындық жатақханасы бар 400 орынға арналған «Физика-математика» бағытындағы мектеп-интернат салу жобасы қолдау тауып, бүгінде мектеп құрылысы басталды. Тағы бір жаңалық, алдағы 3 жылда 64 балабақша ашу жоспарлануда.

Іс-шара барысында аймақ басшысы олимпиада және ғылыми жоба жеңімпаздарын марапаттады. Білім беру ұйымдарына 9 жаңа автобустың кілтін және балаларға лагерьге жолдама мен BILIM-BOOK құрылғыларын табыстады.

Айта кетейік, аймақта бүгіннен бастап тамыз айына дейін «Қазақстан – бақытты балалық мекені» тақырыбында апталықтар басталады. Бүлдіршіндерге арналған мәдени-рухани, спорттық, зияткерлік іс-шаралармен бірге қайырымдылық акциялар ұйымдастырылмақ.

Биыл 400-ге жуық сырбойылық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың, спорт турнирлерінің және өнер конкурстарының жеңімпаздары мен лауреаттары атанды. Лайықты қолдаудың нәтижесінде Сыр өрендері білім бәсекелерінде топ жарып, аймақ абыройын еселеуде. Атап айтар болсақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада командалық есепте оқушыларымыз жаратылыстану бағытында II, ал гуманитарлық пәндер бойынша III орынды иемденді. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Бұдан бөлек, 4 және 9-сынып оқушылары арасындағы білім жетістіктерін бағалау мониторингі бойынша өңіріміз республикада үздік үштіктің қатарына енді. Жазғы демалыс кезінде 1 - 10 сынып оқушыларының 98 пайызы жазғы тынығу лагерлерімен, әр түрлі сауықтыру, жұмыспен қамту, үйірме, экскурсиямен қамтылады.

Аймағымызда бүгінгі күні 280 мыңға жуық бала бар. Облыстағы 686 мектепке дейінгі ұйымда 60 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. «Білімді ұлт» ұлттық жобасы аясында 2-6 жастағы бүлдіршіндердің 88,8%-ы, ал 3-6 жас аралығындағы балалар 100% балабақшамен қамтылған. Жыл басынан қазірге дейін 1 561 орындық 13 жеке балабақша балаларға есігін айқара ашты.

# «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ЖАУАПСЫЗДЫҚ БОЛМАУ КЕРЕК»

**Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Осындай қызығы мен қиындығы мол саланы таңдаған Қалдан Тұяқбаева да аймақтағы білім беру ісін дамытуға үлес қосып келеді.**



Кейіпкеріміз мектепке дейінгі тәрбие беру ісін жетік меңгерген. Бүгінде Қызылорда қаласындағы «Алпамыс» балабақшасында тәрбиеші болып еңбек етуде. Айтуынша, педагогика бағытына мойын бұруы бала кездегі арманының жемісі. Осы мақсатта арнайы білім алған. Көпжылдық тәжірибе мен тынымсыз ізденіс нәтижесінде білікті маман қатарынан көрінді.

– 1972 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы Айдарлы елді мекенінде дүниеге келдім. Мектеп қабырғасында таным-түсінігі мол, білім-білігі жоғары мұғалімдерден дәріс алу педагогика саласына деген қызығушылығымды оятты. Адамның өмірлік ұстанымы мен көрген-білгені болашақты айқындайды емес пе, мен де арман жетегімен осы жолды таңдауға бекідім. Осылайша, мектеп бітірген соң М.Мәметова атындағы педагогикалық училищесіне оқуға қабылданып, саланың алғашқы баспалдағына көтерілдім, – дейді Қалдан Орынбасарқызы.

Жалпы, мамандық таңдау өте маңызды іс. Өмір бойы жалықпау, істеген істен ләззат алу, атқарған жұмыстан қажымау – алғышарт. Кейіпкеріміз де мамандығын адаспай тапқанына, салалық бағытын дөп басқанына сенімді. Әсіресе, мұғалім секілді мәртебелі мамандықтың қыр-сырына қанығып, қызығы мен қиындығын өткергенін өмірлік тәжірибе санайды. Бүгінде «Алпамыс» бөбекжай балабақшасында табысты еңбек етіп, ұжымда құрметке бөленуі де мамандыққа деген адалдықтың нәтижесі болар.

Оған қоса 20 жылға жуық еңбек жолында түрлі марапат пен мақтаудан кенде болған емес. Мысалы, 2021 жылы аймақ басшысының « Қызылорда облысының білім беру саласын дамытуда еңбегі үшін» жергілікті ерекшелік төс белгісімен марапатталса, биыл Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың мерекелік құттықтауын иеленді. Сондай-ақ республикалық «Үздік педагог» байқауының қалалық, облыстық кезеңдерінде үздік шықса, республикалық «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-ның «Құрмет грамотасын» алған. Бұл педагог еңбегінің әділ бағалануы екені даусыз. Қалдан Орынбасарқызы ұстаздық жолдың мән-маңызын ерек түйсінетінімен құнды. Білім беруді жай сала емес, өмірлік бағыт деп түсінген ол көпке үлгі болуда.

– Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірде жай адам емес, болашақты құрушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады: дүниетанымдық көзқарасы, сенімі, қызметке бейімділігі, кәсіптік білімі мен біліктілігі, қамқорлық көзқарас, сүйіспеншілік сезім, ұйымдастырушылық қабілет. Осы қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді, – дейді маман.

Кейіпкеріміз отбасында да берекенің ұйтқысы болуда. Жолдасы екеуі қос қыз тәрбиелеп, өнегелі тәлім беруге күш салуда. Өзгенің баласын ғана емес, өз баласын да сапалы тәрбиемен қамтамасыз етуге талпынған ұстаздың әлі де алар асуы алда.

**Р.МАҚСҰТ**



# 7 МЫҢ ОҚУШЫ БІЛІМІН САРАЛАЙДЫ

**Мектепті тәмамдаған түлектер болашағын жоспарлап, бағытын айқындап қояды. Асқақ арманының алғашқы сатысы ҰБТ-дан сүрінгісі келмейтіні содан. Білімі сарапқа салынатын сында сан соғып қалғысы жоқ. Дегенмен «мезетінде мүдіріп қаламын ба?» деген күдік те көңілді күпті етіп қояды-ау. Қобалжу мен күйзеліс, сенім мен үміттің сарсаңға салған шағында ата-ана да баласы үшін алаңдайды. Тағатсыздана күткен жауап сүйінші сұрарлық болса жақсы. Әйтпесе жаны қамыққанның жайы жүректі ауыртып жібереді. Иә білім бәйгесінде бірінің бағы жанады немесе бабы шабады. Тек бақытты ҰБТ-ның ұпайымен өлшемеу керек. Сәтсіздікке сынып қалмай, алға қадам басу жеңісті күндерді жақындатады.**

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2022-2023 оқу жылында 8 мыңға жуық білім алушы мектепті бітірсе, оның 7 421-і Ұлттық бірыңғай тестілеуіне қатысады деп жоспарлануда.

– Өткен жылдан бастап ҰБТ электронды форматқа көшірілді. Мұның ең басты артықшылығы – барлық процестің ашықтығы мен азаматтарға қолайлы жағдай жасалуында. Жалпы ҰБТ өткізудің форматы өзгеріссіз. Тек «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша тест тапсырмаларының санына өзгерістер енгізілді. Қазақстан тарихы бойынша сұрақтар саны – 20. Ол өткен жылы 15 сұрақ болған. Ал оқу сауаттылығы бойынша сұрақтар саны былтырғы жылы 20 болса, биыл 15 сұрақ. Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылынан бастап ҰБТ бейіндік пәндер комбинацияларының тізбесіне «Информатика» пәні енгізілді. Осыған байланысты «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырады, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Айта кетейік, білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға мүмкіндік беретін тестілеу 22 мамырда Қызылорда қаласы, Қазалы, Жаңақорған аудандарындағы ҰБТ өткізу пункттерінде өткізілген болатын. Осы кезге дейін тестілеуге жалпы облыс бойынша 1 903 бітіруші түлек қатысқан.

Жыл сайын ҰБТ өткізу форматы және сұрақтар саны, тест тапсыру мүмкіндігіне байланысты өзгерістер енгізілетіні бәріне мәлім. Бірі орынсыз талап екенін айтса, бірі бітіруші түлектерге зор мүмкіндік бергеніне риза. Байыптасақ, бұл пікірлердің де өз шындығы бар. Өйткені тесттен төмен ұпай алса түңіліп, түнеріп кететін түлек кездеседі. Оқушының бәрі ҰБТ-ға аса жауапкершілікпен қарағандықтан, тірек еткен тілегі орындалып, қалауы қабыл болса екен дейді. Сондықтан сынаққа дейін абыржып жүргендердің аптығы тест жауабынан кейін басылып, көңілі жайланады. Дамылсыз дайындықты үзбейтіні соған дәлел.

-ҰБТ-ға дайындығымды осы күнге дейін тоқтатқан емеспін. Дайындығым қарқынды түрде жалғасуда. Күнде оқыған материалды қайталап жүрмін. Онлайн түрде қосымша курстарға да қатыстым. Соның ішінде JUZ40 курсын ең сапалы әрі мықты курс. Себебі, әр оқушыны жеке куратор қадағалап, дайындығын бақылап отырады.

ҰБТ-ға өзгерістер енгізілді, бірақ аса көп емес. Тек «Қазақстан тарихы» бойынша сұрақтар саны 5-ке көбейді және жауаптар саны өткен жылға қарағанда 2-ге азайды. Бұл маған аса қиындық тудырмады. Себебі, жауаптар саны қысқартылған соң, оқушы өз ойын тұжырымдап, жинақтай алады. Қазіргі таңда ҰБТ-ны екі рет тапсыру мүмкіндігі бар. Бұл – оқушылар үшін үлкен көмек және жеңілдік. Егер оқушы бірінші мүмкіндіктен ойындағыдай балллды жинай алмаса, екінші мүмкіндікке бар күшін салып, зор үмітпен қарап, дайындала алады. Сонымен бірге, мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына қатысу үшін оқушы ең жақсы нәтижесі бар сертификатты ұсына алады. Талапкерлер үшін үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап енгізілген «бір тестіленуші – бір компьютер – бір камера» қағидаты өте тиімді деп ойлаймын. Әр оқушы өз білімін тексеру мақсатында кіріп, еш көмексіз өзі лайық түрде баллын алып шығады, – деді Ақерке Ерланқызы.

Асылында келешектің кірпішін сеніммен қалаған ләзім. Берік етіп бекіту үшін үдеген қорқынышты кемітіп, күмәнді сейілту керек. Асқан ақыл, толассыз білім болса да қапияда қателесіп кету әбден мүмкін. Сондықтан ұнжырғаны түсірмей, жарқын болашақтан күдер үзбеген ләзім. Шын дарынды түптің түбінде сыбағасы мен өмірден несібесін алады. Ендеше, түлектерге сәттілік серік болсын дейміз!

**Замира ҚОНЫСЖАН**

# ТЕРГЕУ ІСІ – АР АЛДЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ



**Қатер мен қауіптің ортасында жүріп, басын бәйгеге тігетін тергеушілердің еңбегі ерен. Қылмыстың қым-қуыт құпиясын ашып, салмақты сараптамадан кейін ғана байыпты болжам, тапқыр түйін жасайды. Куәгердің сөзі мен айғақ-дәлелді сабақтап, кінәліні анықтауда кейін шегінбейді. Қылмыскер қолға түсті деп қуанбай, тергеу барысында түрлі сұрақ қойып, істі егжей-тегжейлі зерделеуге көшеді. Сытылып һәм құтылып кетудің амалын жасағанның айласын асыруға мүмкіндік бермей, тергеуге алынғанның бәріне сауатты сауал қойып, құлақ түреді. Демек, тергеуші болу – тиянақтылық пен табандылықты талап етеді. Осы ретте, Қызылорда қалалық полиция басқармасы тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция лейтенанты Назым Оразбекпен сұқбаттасуды жөн көрдік.**

**– Кез келген адам мамандық таңдауда үлкеннің ақылына құлақ асып немесе жүрек қалауына жүгінеді. Осы орайда тергеуші қызметін таңдауыңызға не түрткі болды?**

– Адам үш нәрседен қателеспеу керек ғой, соның бірі мамандық таңдаудан. Жаныма жақын саланы таңдауда жаңылыспадым. Негізінен әкем де құқық қорғау саласында қызмет атқарған. Қоғам тыныштығын сақтауда қатерге қарамастан, күндіз-түні жұмыс істегенін көріп өстім. Содан болар, бала кездегі арманым – әкемнің ізгі ізін жалғап, қылмыстың алдын-алып, қоғам қауіпсіздігіне үлесімді қосу болды. Арманымның арқасында алға мақсат қоя білдім. Таңдаған бағытым бойынша білім алып, салаға бейімделдім. Соның нәтижесінде бүгінде тергеу саласында жүрмін.

**– Қоғам тыныштығын қадағалап, қылмыскерді құрықтау оңай емес. Жауапты қызметке орналасқаныңызға қанша уақыт болды? Осы уақытқа дейін қанша қылмысты әшкерелединіз?**

– Істің ақ-қарасын анықтап, кінәліні тап басып тану, заң шеңберінде әрекет ету қырағылықты қажет етеді. Тергеу ісінде тиянақтылық танытпасаң бұлтартпас дәйекті көз алдында жоғалтып, қылмыскер сытылып кетуі ықтимал. Сондықтан келеңсіздік пен кикілжің туындатпай, қоғам тыныштығын сақтауда еңбек етіп келемін. Тергеу барысында төзімділік пен шыдас беретін шыдамдылық керек. Ізін суытып үлгергісі келгеннің жолын бөгеп, айыбын заңмен анықтау сауаттылықты талап етеді. Жұмыс тәжірибеме 1 жыл уақыт болды. Осы күнге дейін бірқатар қылмыстық істерді сотқа жібердім.

**– Бұл – уақытпен санаспайтын мамандықтың бірі. Кейде қыруар жұмыстан қажып кететін кез бола ма?**

– Менің ойымша оңай жұмыс болмайды. Әр саланың өзіндік қиыншылығы бар. Өзім таңдаған мамандық болғандықтан машақатына да төзіммен қараймын. Жұмысымды қызығушылықпен жасағандықтан уақыттың қалай демде өтіп кеткенін байқамай да қаламын. Қызметіміз тікелей халық қауіпсіздігіне қатысты болғандықтан, түнде көз ілмейтін кездер болады. Күндіз қайта жұмысқа кірісуге тура келеді. Дегенмен жауапты істің жүгін көтергеннен кейін әлдененi сылтау етіп, «шаршадым, қажыдым» деп қынжылмайды екенмін. Тергеу ісіне табандылық қажет деп дұрыс айттыңыз. Мұндай қасиет қызметкер бойынан табылмаған жағдайда өзің қалаған жетістікке қол жеткізе аласың. Тіпті айғақтарды тауып, қылмыскерді табу да қиынға соғады.

**– Тергеуші қызметіне қатаңдық та тән. Дегенмен тергеу барысында жүректі қозғап, көңілді құлазытып жіберетін жайттар кездесе ме? Мұндай жағдай басыңыздан өтті ме?**

– Әрине ондай жағдайлар кездесіп тұрады. Адам өмірі жауапкершілігімізде болғандықтан, қалт жібермей дәлел жинау міндетіміз. Алайда адамның қылмыстық құқық бұзушылығын толық дәлелдеп, қылмыстық іс материалдарын сотқа жолдағанда немесе бұлтартпау шарасын қолданғанда адами тұрғыда жүрегім ауыратыны рас. Сонымен бірге өзінің жан айқайын жеткізіп, алдымызға көмек сұрап келетін адамдарды көргенде де қобалжимын.Қандай да бір қиындыққа ұшыраған жандарға қол ұшын созып, заңды шешім қабылдауға тырысамын. Темірдей тәртіпті ұстанып, қаталдықты бойға сіңіргенімізбен орын алатын кей жағдайлар ет жүрегіңді езіп жібереді.

**– Жауапкершілік жүгін абыроймен арқалап келесіз. Осы жолда сізге жігер беретін не? Ұстанымыңыз қандай?**

– Көмек сұрап келген жандарға қол ұшын беруге мүмкіндігімнің бар екені, оларға көмектесе алатыным мені жігерлендіреді. Менің өмірлік ұстанымым біреудің ала жібін аттамау, әділдікті сақтап, шынайы болу.





**Сұқбаттасқан**
**Нәзік АХМЕТ**

# ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛЫНДА

**Жаздың жайдары күні жетіп, оқу жылы да аяқталды. Демек кешкі серуен көбейіп, жастар да жиі бас қосады деген сөз. Тіпті кәмелет жасқа толмағандар беймезгіл уақытта сыртта жүреді. Тәртіпке бағынбағаннан кейін төтеннен топтық төбелес пен кикілжіңге тап болатыны содан. Мұндай оқыс оқиға оңынан шешілсе жақсы.**

Егер іс насырға шапса сойқанды салдары сан соқтыруы ықтимал. Түнгі мезгілде тынымсыз жүретіндер бақылауды көрсе жапатармағай қаша жөнеледі. Бұл жастық дәуреннің қызықты күндері саналғанымен, қауіпсіздікті де ойланған жөн. Сайып келгенде көшеде, ойын-сауық орындарында бей-берекет жүру қоғам берекесін алып, тыныштықты бұзады. Ойынның соңы өліммен аяқталатын жағдайлар емес. Қылмыс осындай ұсақ-түйектен пайда болатынын ескерсек, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қадағалау өте маңызды. Осы тұста қалалық Полиция басқармасының ювеналды бөлімшесі жұмыс жоспарына сәйкес 7-9 маусым аралығында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізбек.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу. Білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтардың жолын кесу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтап, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу болып табылады.

Қала көлемінде жасөспірімдер арасында қылмыстың жасалуына жол бермеу мақсатында кәмелетке толмағандардың жүріс тұрыстарына бақылау жүргізілмек. Қылмысқа бейім, тәртібі қиын балалар полиция органдарының есебіне алынады.

Тәртіп сақшыларының жүйелі жұмысы дабыра болар дауды азайтып, жастарды жаңсақ қадам басудан сақтайтыны сөзсіз. Заңды өкілдерінің рұқсатынсыз түнгі уақытта сайран салатындар тәртіптің ығына жығылады деп сенеміз.

**Ювеналды полиция бөлімшесі**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҚАЙТСЕ АЗАЯДЫ?



Әккі ұрылар шаруаның қадамын қалт жібермей, қора жайын қадағалап, өрістегі малды да сүйрелейтін көрінеді. Екі көзі төрт болып тағатсыздана тосқан түлігі жоғалғанын естіген қожайынның қамығатыны сол. Күнкөріс көзі мал болғандықтан, құқық саласы қызметкерлерінің қылмысты анықтап, шаруаға жәрдем бергені жанға медет. Әйтпесе малының қай мекенде екенін балгерге барып болжам жасататындар да бар. Өрістен қораға дейін жолдан жаңылмай келетін малды жетектеп кету – ұрының ұстанымы секілді. Сондықтан көпшілікті «тосқауылға тыйылып жүргендер бар ма?», «Ұрының уысында кеткен мал қанша?» деген сұрақ толғандыратыны болар. Аймағымызда мал ұрлығы азайып, көрсеткіш кеміген көрінеді. Дерекке сүйенсек, 2023 жылдың 5 айында облыс аумағында мал ұрлығының тіркелуі -53,8% (78-ден 36-ға) төмендеп, ашылу көрсеткіші +35,2% (42,1-ден 77,3-ке) жақсарған. Есепті мерзімде облыс аумағында 36 мал ұрлығы тіркеліп, ұрланған малдардың жалпы саны 128 басты құраған. Оның ішінде, мүйізді ірі қара 39, жылқы 9, уақ мал 80 бас. Мал ұрлығының 24 дерегі қараусыз өрістен, 12 дерегі қорадан ұрланған. Жыл басынан ветеринариялық бақылау қызметінің өкілдерімен бірлесіп, малдарды құжатсыз тасымалдаған тұлғаларға ӘҚБтК-нің 406-бабымен 30 хаттама, сондай-ақ белгіленбеген орындарда қараусыз жүрген мал иелеріне ӘҚБтК-нің 408-бабымен 396 әкімшілік шара көрілген екен.

Расында да өзгенің еңбегіп жеп, асын тартып ішпекші болғандар жазасын алуы тиіс. Осы ретте, құқық саласы қызметкерлері қол қусырып отырмай, мал ұрлығының алдын-алуға тырысуы көңіл қуантады. Яғни жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мал ұрлықтарының алдын алу мақсатында бақташымен бақтыру, малын құжаттандыру, таңбалау, чиптеу жұмыстарының тиімділігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.Әйтпегенде көрші ауылдан келіп ұрлыққа түсетіндер қылмысты үдетіп, әдісін әдетке айналдырып алған.

– «Мал ұрлығы» іс-шарасы барысында жыл басынан облыс көлемінде Сырдария АПб бойынша 3 топтық қылмыскер ұсталып, күдікті 10 тұлға анықталып, 9-ы қамаққа алынды. Шиелідегі бөлім мамыр айында мал ұрлығымен 3 күдіктіні ұстады.

Мысалы, жуырда Шиелі ауданында еркін жайылымнан бірнеше ауыл тұрғындарының сиырларын белгісіз адамдар ұрлап әкеткен. Қаскүнемдердің бірі ұрланған малды көрші ауылға жеткізіп, танысынан сиырды біраз уақытқа қораға қоюын өтінді. Алайда, үй иесі бұл туралы жақын маңдағы ауылдардың тұрғындарын хабардар етті, тиісінше полицияға да хабар берілді. Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында полиция қызметкерлері күдікті 24 және 31 жастағы үш ауыл тұрғынын айғақ заттарымен қолға түсірді. Бүгінгі күні ұсталғандар мал ұрлығының бес дерегіне қатысы бар деп күдіктелуде. Жәбірленушілерге келтірілген жалпы материалдық шығын 1 млн теңгеден асты.

Ұрланған 6 сиыр айғақ зат ретінде тәркіленіп, иелеріне қайтарылды. Күдіктілер қалған малды сойып, етін сатып үлгерген. Тергеу барысында күдіктілердің ұрланған малды тасымалдау үшін автокөлікті жалға алғаны анықталды. Ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына қамалды. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 188-1-бабының 3-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде, – деді Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Ілияс Жұмағұлов.



Ақшаға көзсіз құнығып, біреудің малын меншіктеп майшелпекке бату қаншалықты орынды? Соғымдап сатқандар сот алдында тұратынын білсе де бас қатырмайды-ау. Жоғалғаны табылған шаруаның сүйінші сұрап кететінін білеміз. Малдың маңызы айтпасақ та түсінікті.

– Ауылда тұратын ағайын түсінеді. Саусақпен санарлық мал басы болса да, береке. Екі үйдің біреуінде ірі қара болмаса да, төрт тұяқтының бар екені анық. Мінсең – көлік, жесең – азық, сатсаң – ақша, кәсіп бастаймын десең – ағарғанның көзі. Сондықтан малда береке бар.

Ауылдық жерде мал ұрлығы жиі болып тұрады. Сонда шіліңгір шілденің ыстығы мен қыстың қара суығында бабын тауып, баққанның маңдай тері не болмақ? Ізін суытып, сол күйі ұрлықтың дымын білдірмейтін тәжірибелі ұрлықшылар болуы мүмкін. Әрі не көп, мал көп. Ауыл ішінде жүре беретін болған соң қашан, қалай ұрланғанын анықтау да қиын. Осы орайда елдімекендерде орын алатын мал ұрлығына тікелей жауапкершілік танытып, қылмыскерді анықтап жүрген полицейлерге алғыс айтқым келеді. Өзімнің малым ұрланбапты, ірі қара жоқ. Дегенмен ауылдағы ағайынның сала мамандарына алғысы шексіз, – деді ауыл тұрғыны А.Нариман.

Тайлақты нардай етіп көрсетіп отырғанымыз жоқ. Тек ұрлықтың ауылды алатайдай бүлдіріп отырғаны қиын-ақ. Қанша дегенмен қорадағы малын тастап, алысқа аттап баспайтын шаруаның жатқа жем болмағаны жөн. Шырпы басын сындырмағанның дайын асқа тік қасық боп, жұрт иелігін иемденуі орынсыз. Жүйелі жұмыс нәтижесінде мал ұрлығы әлі де азаяды деп сенеміз. Сонда шаруаның да берекесі қашпас.

**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**

## БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ




**Атырау қаласында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық мемлекеттік тіл оқытушыларының байқауы өтті.**

Мақсаты – А.Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұрасын кеңінен насихаттау, қазақ тілінен сабақ берудің сапасын арттыру, өзара тәжірибе алмасу.

Байқауда Сыр өңірінің атынан қатысқан тілдерді оқыту орталығының мемлекеттік тіл оқытушысы Гүлжанат Өмірқызы бас жүлдені жеңіп алып, облыс абыройын асқақтатты.

Жеңімпазды облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов қабылдап, құттықтауын жеткізді.

## ВОЛОНТЕРЛЕРГЕ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

**Соңғы үш жылда Қазақстанда волонтерлік ұйымдар саны 3 есеге артты. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров айтты.**



Оның айтуынша, елде волонтерлік қызметке қатысып жүрген азаматтар мен ұйымдар қатары артып, бағдарламалар мен жобалар ауқымы айтарлықтай кеңейе түсті.

«Соңғы үш жылдың өзінде волонтерлік ұйымдар саны 3 есеге артты. Мәселен, 2019 жылы – 224 болса, 2023 жылы – 680-ге жақындап қалды. Белсенді волонтерлер қатары 4 есеге көбейді, 2019 жылы – 50 мың адам болса, 2023 жылы – 200 мыңнан асқан. Елімізде заңнамалық деңгейде волонтерлерді қолдау шаралары енгізілді. Оның аясында оқуға тапсыру мен жұмысқа орналасу кезінде жеңілдіктер қарастыру, волонтерлік ұйымдарға мемлекеттік мүлікті ақысыз негізде жалға беру қарастырылған», – деді Данияр Қадыров Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

Волонтерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында еріктілердің республикалық және 20 өңірлік фронт-офистері өз жұмысын жалғастыруда. Олар жыл сайын 113 мыңнан астам волонтердің қатысуымен 6 мыңнан астам шара өткізеді.

«Министрлік халықаралық волонтерлікті дамыту саласында бірқатар жұмыс жүргізуде. Үкіметтің тікелей қолдауымен 7 қазақстандық волонтер БҰҰ Еріктілер бағдарламасында жұмыс атқаруда. Мұндай мүмкіндік әлем бойынша 16 мемлекеттің волонтерлеріне ғана қолжетімді. Қазақстан Орталық Азия елдері ішінде мұндай тәжірибені қолданған алғашқы ел болды», – деп атап өтті спикер.

## ЖҰМЫСТЫ ЖЕТІЛДІРУ КҮН ТӘРТІБІНДЕ



**Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Кеңес отырысына облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров, қала, аудандық барлық деңгейдегі «жастар ресурстық орталықтарының» директорлары мен орталық қызметкерлері қатысты.**

Шарада ҚР Мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың 7 басым бағыты түсіндірілді. Аталған бағыттар бойынша нақты көрсеткіштерге қол жеткізіп, негізгі индикаторлар аясында жастарды әлеуметтік-қоғамдық шараларға тарту көзделген. Әсіресе, ауыл жастарын қоғамдық қызметке тарту, жан-жақты қолдау білдіру күн тәртібінде тұр.

Жастар орталығының қызметін әлеуметтік желілерде насихаттау, ақпараттық қолдау білдіру маңызды мәселе. Осы ретте мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігіне талдау жасап, жастарға қатысты өзге де маңызды мәселелер көтерілген бас қосуда жастар көшбасшылары жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған өз ұсыныстарын айтты. 12 тамыз – Халықаралық жастар күнін жоғары деңгейде атап өту мәселесі кеңінен қозғалды.

## «ЖАСТАР СПАРТАКИАДАСЫ» ӨТЕДІ



**Облыстық қоғамдық даму басқармасының бастамасымен аймақ жастары арасында «Жастар спартакиадасы» өтеді.**

Сайысқа 18-35 жас аралығындағы облыс азаматы болып табылатын, NEET санатындағы, жұмыссыз, мүмкіндігі шектеулі жастар, пробация есебіндегі жастардан құралған аудан және қала құрама командалары және жекелей қатысушылар қатысады.

Сайыстың қалалық және аудандық іріктеу кезеңіне қатысамын десеңіз, 5-19 маусым аралығында аудандардағы «Жастар ресурстық орталықтарына» хабарласып, тіркелсеңіз болады.

Қалалық және аудандық іріктеу кезеңінде жеңімпаз атанған құрама командалар мен жекелей қатысушылар сайыстың облыстық кезеңіне жолдама алады. Бұл кезеңде топ жарып, жеңіске жеткен қатысушылар мен командалар қаржылай сыйлықтарға ие болмақ.

## ТАРИХ ТАНЫМДЫ АРТТЫРАДЫ

ХАТ ҚОРЖЫН

**Өткен жылы облыстық мемлекеттік архив тарапынан ұйымдастырылған жарысқа қатыстым. Архив мекемесінің бүгінімізді ертеңге, ертеңімізді болашаққа жалғастыратын, қоғамның, жалпы адамзаттың тарихын сақтап, өткен уақыттың куәсі болатын құжаттарды көздің қарашығындай сақтайтын қасиетті орын екендігіне куә болдым. Архив қорында сақтауда тұрған істердің барлығына арнайы қор нөмірлері беріліп, тізімдемелер бойынша сақталғандықтан,еш қиындықсыз қажетті деген құжаттарға тапсырыс беріп, зерттеу жұмысыма кірістім.**



Қызылорда облысында балық өнеркәсібі бірден-бір ерекшелігімен дараланған өнеркәсіп орны болып есептелді. Кеңес Үкіметі кезінен бастап Арал өңіріндегі балық шаруашылығының даму жолдары басты назарда болды.

В.И.Лениннің өзі балық өнеркәсібін маңызды шаруашылықтар қатарына жатқызып, Арал балық шаруашылығының даму барысына қолдау көрсетіп, мұқтаждықтардың кезек күттірмей шешілуіне қолдау көрсетіп отырған. Бастауын 1920 жылдардан алған облыстың балық өндірісі одақ көлеміндегі халықты балықпен қамтамасыз еткені тарихтан белгілі. 1921 жылдың күзінде жас Советтік республикасы Поволжье мен Ресейдің Орталық бөліктеріндегі болған құрғақшылыққа байланысты өте күшті аштық басталды. Өкімет пен партия аштықпен күрес бойынша төтенше шаралар қабылдады. Сол шараларға байланысты В.Лениннің өзі 1921 жылы 7 қазанда Арал балықшыларына хат жазып, барлық аралдық балықшыларды көмектесуге шақырады. Владимир Ильичтің өзінен тікелей хат алған балықшылар күн-түн ерен еңбек етіп, екі ай ішінде 1921 жылы 25 желтоқсанда Москваға 14 вагон балық жөнелкен. Тарихымен таңғалдырған балық өнеркәсібін одан әрі өркендету барысында 1929 жылы Қызылорда балық зауыты құрылған. ҚСРО балық өнеркәсібі 1938 жылғы 15 қаңтардан халық комиссариатына бағыныста болды. Бері келе Оңтүстік Қазақстан «Госрыбтресінің» депутаттардың жұмысшы-шаруалардың және қызыләскерлер Қызылорда кеңесіне қарасты болды. Қызылорда балық зауыты 1938 жылғы 5 тамыздан қайта құрылып, «Казглаврыба» Қазақ балық өнеркәсібінің бас басқармасының Арал мемлекеттік балық тресінің құрамына кірді. 1941 жылы 1 қаңтардан қайта құрылып, ҚСРО балық өнеркәсібі халық комиссариатының Арал мемлекеттік балық тресінің Қызылорда балық пункті болып аталды.1957 жылдан ҚСРО-ның Балық шаруашылығы министрлігінің Арал балық комбинатына қарасты болды. ҚазСРО балық шаруашылығы министрлігінің 1976 жылғы 27 желтоқсандағы №385 бұйрығы негізінде 1977 жылдың 1 қаңтарына дейін ҚазСРО балық шаруашылығы «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігіне қарады.

Ол Қызылорда қаласында Войтинцева көшесі №68, кейінірек С.Сейфуллин көшесі №2 үй ғимараттарына орналасқан. Балық заводының өндірістік цехтары мен бөлімшелері болды. Тоған шаруашылығымен балық өсіру, балық сақтайтын мұздатқыштар, табиғи мұздарды сақтайтын мұз сақтау орны, кептірілген балық дайындайтын кептіру цехы дайын өнімдерді сақтау қоймасы, сонымен қатар зауытың құрамында «1 МАЙ» атындағы балық тоғандау колхозы да болған. 1957 жылда заводта тірі балық, балмұздақ, салқын кептірілген балық, аз тұздалған балық, мұздатылған балық өнімдері шығарылған. Жоспарлы тапсырмаларды уақытылы орындау, балық өнімдерінің сапасын арттыру және өндірісін ұлғайту бағытында жұмыс атқарған зауыт өз қызметін Қызылорда балық заводы «Балық» акционерлік қоғамының жалпы жиналысымен 1996 жылғы 5 желтоқсанда өз жұмысын тоқтатып, жабылған.

Қызылорда облысының мемлекеттік мұрағат қорында №124 қор бойынша 1940, 1968-1996 ж.ж. барлығы 89 тұрақты сақталынатын құжаттар сақталуда. №20,26,29,33, 57,88 істер аса құнды құжаттар болып іріктелді. Олар – 1976 жылғы облыс бойынша балық шаруашылығын дамытудағы қосымша шаралар туралы құжаттар, 1977 жылғы еңбек шаруашылығының қорытындысы туралы анықтамалар, 1992 жылғы облыс бойынша балық өнімдерін және шикізат өндіру, «Балық» акционерлік қоғамының негізгі өндірістік қызметін сақтай отырып, дербес еңбек шаруашылығының бөлінуі туралы құжаттар.

Тарихтан сыр тартатын архив өткенді көз алдыңа әкеледі. Жарысқа қатысу барысында жақсы нәтижелерге жеттім деген тұжырым жасадым, жүлделі орынның бірін иеленумен қатар айқын шежіре, жәдігерлер жайлы замандастарыма жеткізу парызым деген ой түйдім.

**Айханым ӘНЕС,
№12-IT мектеп-лицейінің
11 сынып
оқушысы**



**АШЫҚ АУКЦИОН ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ**

Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі, 2-үйде орналасқан, ОӨ бойынша Қазақтелеком АҚ филиалы - СФ, ағылшын әдісімен, автокөліктерді сатуға ашық аукцион жариялайды. **Ашық аукционның өтетін орны мен уақыты: Қызылорда қ., Панфилов к. 2, уақыты: 21.06.2023ж, сағат 11.00-де.**

Қатысатын тұлғалар керекті қосымша мәліметтерді келесі мекен-жай бойынша ала алады: Қызылорда қ., Панфилов көшесі 2, уақыты 11.00-ден 16.00-ге дейін. Анықтама телефоны: 23-10-62. 8 700 232-92-80, https:// telecom.kz

**ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ ОТКРЫТОГО АУКЦИОНА**

СФ ЮР - Филиал АО “Казахтелеком”, расположенный по адресу: г. Кызылорда, ул. Панфилова, д. 2, объявляет открытый аукцион по продаже автомобилей СФ, английским способом. **Место и время проведения открытого аукциона: г. Кызылорда, ул. Панфилова 2, время: 21.06.2023 г, в 11.00 часов.**

Дополнительные сведения, необходимые участвующим лицам, можно получить по адресу: г. Кызылорда, ул. Панфилова 2, время с 11.00 до 16.00. Телефон для справок: 23-10-62. 8 700 232-92-80, https:// telecom.kz

# ҚОҒАМ МЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР




Ал көтерген мәселенің жауапты мамандар тарапынан шешім табуы, қоғамда қызу талқыға түсіп, нақты нәтиже беруі, халық пен биліктің арасында тікелей «көпір» бола білуіміз – журналист деген атауға лайықты екеніміздің бірден бір көрінісі.

Журналистке қандай қасиет керек? Менің ойымша, мінезсіз қаламгерді журналист деп атауға болмайды. Себебі мінезсіз адам журналист болып бар шындықты жеткізбек түгіл өмірде де жетістікке жетіп, алға жылжуы екіталай. Бұл мамандық табандылықты, ізденімпаздықты талап еткендіктен, журналистика мамандығының маңайында шыдамды, мінезді адамдар ғана қалады. Нағыз журналист, яғни, мінезді қаламгер біреуді ақ, біреуді қара етпей, тек шындықты жазуға тиіс.

Сонымен бірге журналист әрқашан қоғамдағы барлық саладан хабары бар, жарықтың жылдамдығын жолда қалдыратын ақпарат ағынына ілескен, жан-жақты, дүниетанымы кең болуы керек. Оған Н.Михалковскийдің: «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады» деген сөзі дәлел.

– Әлемде бәрі өзгереді, өзгермейтін тек жансыз дүниелер болар. Журналистиканың да бет-бейнесі уақыт өткен сайын түрленіп тұрады. Сондықтан бұл процесс заңды. Технология қарқыны көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Сәйкесінше, біздің салаға мультимедиалық құралдар дендеп енді. Ол қоғам сұранысынан туындап тұр. Аталған үдерістің барлығын жіті назарда ұстап, журналистикаға жаңа, тың серпін әкелетін мамандар даярлауға тырысамыз. Әлеуметтік қоғамдық жауапкершілік басты орында, себебі журналист тек ақпарат таратушы емес, қоғамның мүддесін жақтаушы, қоғамдағы тыныштықты сақтаушы, яғни, халықтың көзі, құлағы, – дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінің ұстазы, профессор Назгүл Шыңғысова.

Иә, журналистика тек қызығушылықтан туындайтын мамандық емес, ол көп ізденісті, сол жұмысқа деген сүйіспеншілік пен махаббатты талап етеді. Қазір не жазсам да өзімнің парақшам деп шықпыртып жаза беретіндер көп. Бірақ журналист аз. Санаулы. Билік пен қоғамды байланыстырушы көпірдің бір ұшы болып, кішкентай тамшыдай үлес қоссам да бақыттымын. Айтылған әр сөзіне, қаламына адал қаламгерлердің ізін жалғап, ұлттың рухани, мәдени саулығы жолында үздіксіз ізденісте болу – болашақ журналистің басты арманы.

**Саят А**

# «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ» ТІЛІНІҢ ӘЛПЕТІ



**Виртуалды әлем жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер және онлайн платформалар оларға қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу мүмкіндігін береді. Алайда, бұл виртуалды кеңістікте жастардың өз ойын білдіру, өз тілін жасау үшін пайдаланатын жаргон сөздері жиі қолданылады. Бұл мақалада біз сленг сөздің тіл тазалығына әсерін қарастырамыз және осы тәжірибенің ықтимал салдарын талқылаймыз.**

Сленг дегеніміз не? Ол қалай қолданылады? Сленг – белгілі бір әлеуметтік топта немесе қауымдастықта қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің белгілі бір жиынтығы. Жастар сленгті бірегей тұлғасын жасау және өздері сияқты адамдармен байланысу үшін пайдаланады. Бұл бір қарағанда жәй ғана дүние немесе көңілді құбылыс болуы мүмкін және сіздің ойыңыз бен эмоцияыңызды стандартты емес түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сленгтің тіл тазалығына әсері орасан зор. Яғни жастардың виртуалды әлемде сленгті қолдануы тіл тазалығына кері әсерін тигізіп келеді. Жаргон сөздер мен өрнектер көбінесе бейресми болып табылады және грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануды бұрмалауы мүмкін. Бұл тілдік дағдылардың төмендеуіне алып келеді. Шынайы әлемде қарым-қатынас жасауды қиындатады. Желілік өмір мен күнделікті қарым-қатынас арасындағы виртуалды әлемде сленгті қолдану интернет ресурсында қолданылатын тіл мен нақты әлемде қолданылатын тіл арасында сәйкессіздік ретінде өрнектеледі.

Сөздерді дұрыс қолданбау, ерекшелігін ұғынбау тіл тазалығын бұзады. Кейіннен сөздік қордың қысқаруына алып келетін тоқырау орнатуы мүмкін. Өйткені тілдік норманың бұзылуы мәдениеттің төмендеуіне алып келетін негізгі фактор. Виртуалды әлемде сленгті қолдану тіл нормалары мен мәдениетінің құлдырауына әкеледі дедік. Жаргон сөздерді үнемі қолданатын жастар дұрыс жазуды, тыныс белгілерін және грамматиканы ұмыта бастайды. Бұл олардың жалпы жазбаша және ауызша сөйлеуіне әсер етеді.

Виртуалды әлемде сленгті қолданудың тағы бір кесірі – жастардың сөздік қорының кеңдігін шектейді. Олар ресми және әртүрлі сөздерді қолдануда қателіктерге бой алдырады. Өз ойы мен идеяларын дәл және тура жеткізу қабілетіне әсер етеді. Жастардың әртүрлі жағдайларға бейімделу және кез келген адаммен қарым-қатынас жасау қабілетін де шектеп тастайды.

«Әлеуметтік желі» тілі жастарға өз ойын еркін жеткізуге және сленгті қолдануды қоса алғанда, бірегей тіл жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл тәжірибенің ықтимал теріс салдарына назар аудару керек. Жаргон сөздерді қолдану тіл тазалығына нұқсан келтіріп, тіл нормалары мен мәдениетін төмендетіп, жастардың сөздік қорының кеңдігін шектейді. Сондықтан тілдік сауаттылық пен өмірдің әртүрлі салаларында тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін сақтау үшін өзін-өзі таныту мен тіл ережелерін сақтау арасындағы тепе-теңдікті табу маңызды. Бұл мақала арқылы сленг сөздерді пайдалануды тоқтатуды емес, азайтуды ұсынамыз. Өйткені аз-аздан үздіксіз жасалған жұмыс – нанымды нәтижеге, көңіл толарлық тірлікке айналады.

**Нұртілеу КҮМІСБЕКҰЛЫ**

# АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ



**Бас ауырып, балтыр сыздаса баратын жер, қағатын есігіміз емхана екені белгілі. Облыс орталығы мен ірі қалаларда қарқынды дамығанмен, ауыл мен аудандарда ауқымды іс атқарып жатқан медицина мамандары күрделі отаның өзін күнделікті жасап жүргенін, алдына келген науқасқа жаңа өмір сыйлағанын көргенде мемлекеттің медициналық мәртебесі һәм дертті емдеу деңгейі көтерілгенін бірден байқауға болады. Бұрынғыдай шешімі жоқ екен деп шекара асып, шетелге жүгірмейді. Отандық мамандардың біліктілігі артып, заманауи технологияларды терең меңгерген.**

Ұлт денсаулығын нығайту – мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында медицина мамандарына, олардың әлеуметтік, кәсіби жағдайына ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді. Елдегі медицинаның бірқатар бағыты қазірдің өзінде халықаралық деңгейде табысты бәсекелестікке түсуде. Осылайша, бірегей медициналық технологиялар келесі медициналық ұйымдардың негізінде жүзеге асырылады. Республикада 496 аурухана және 1955 амбулаториялық-емханалық мемлекеттік ұйым бар, оларда 207 мыңға жуық медицина қызметкері, оның ішінде 55 мыңдай дәрігер жұмыс істейді. Барлығы 85 мыңнан астам аурухана төсектік орын орналастырылған. Еліміздегі озық үлгідегі медициналық орталықтарға келетін болсақ, олардың қатарында Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы бар. Бұл – еліміздегі жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін төртінші деңгейдегі көпбейінді аурухана. Ал өңірдегі денсаулық сақтау саласының ахуалы қандай?

«Ана мен бала денсаулығы қашанда басты назарымызда. Осыған орай, көпбейінді облыстық балалар ауруханасы 200 төсек орынға арналғанымен 360 төсек болып үстемемен жұмыс жасауда. Сол себепті облыс әкімінің қолдауымен бұрын-соңды облыста болмаған 150 төсекке арналған көпбейінді қалалық балалар ауруханасын жергілікті бюджет қаражаты есебінен ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жас аналарға жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік босану бөлімшесін ашу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықаралық стандарттарға сай 200 төсектік перинаталдық орталық салу мәселесі пысықталып, нысан құрылысына 3,7 га жер учаскесі бөлінді.

Медицина ұйымдарын техникамен қамтамасыз етуге 3,4 млрд теңге қарастырылған. Оның 72%-і ана мен бала денсаулығын сақтауға бағытталуда», – дейді аймақтың бас дәрігері Олжас Ермекұлы.

Медициналық қызмет сапасының артуы тек техникаға тәуелді емес. Осы орайда облыста медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арнайы қаржы бөлініп, аталған қаржының барлығы ана мен бала денсаулығын сақтау саласы мамандары игілігіне жұмсалуға көзделуде. Бүгінгі күні аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қажеттілікке қарай мамандарды шет елдерде оқыту мәселесі де пысықталуда. Бір білікті дәрігер бүтін ұлттың саулығының кепілі.

Демек, кәсіби біліктілікті, қызмет сапасын арттыруға жасалып жатқан кішкентай қадамдардың өзі өңірде денсаулық сақтау саласының дамуы қарқынды екенін айғақтайды.



**Арайлым ҚУАНЫШБЕКОВА**

**Дана халқымыз сөздік қорынан бөлек, әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге, өнегелі оқиғаларға, тарихқа бай. Қай заманын алып қарасаң да, игілігі мен ізгілігі артқан қауымның пейілі ерекше. Адамзаттың бір-біріне деген ықыласы тек көмек берумен ғана шектелмеген. Түркі жұртшылығында ғана кең тараған дүниелердің қатарына түс жору жатады. Бұл сөзді неліктен салт-дәстүрмен байланыстырды деп ойлайсыз? Әлбетте, түс жору да біздің салт-санамызда бар ғұрып. «Көрші мен көкеге, жезде мен жалғызға түсіңді жорытпа» деген бір ауыз түйінді сөз түсті кімге жорытып, жорытпау керектігінен сыр береді. Адам қандай түс көрсе де, оны жақсылыққа жору қажет. Жақсы түсті сүйіншіге теңеген ата-бабамыз болжам деген дүниені осыған қарап білген. Әңгіменің әлқиссасы мына оқиғадан басталды.**

# ТҮС – ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫС



...Бұрында жаңа түскен келін түс жорушы ақсақалдың үйіне барып, көрген түсін жорытпақшы болыпты. Сонда үйден кемпір шығып, шалының өріске мал айдап кеткенін айтып, түстен кейін бір-ақ келетінін ескертеді. Түс ауған шақта жорыған түс орындалмайды деген тәмсіл бар екен. Сол үшін «мен жорып берейін» деп келіннің көрген түсін тыңдайды. Сонда келіншек түсінде екі бөлтірік екі омырауын жұлып жеп жатқанын айтқанда кемпір: «Айналайын-ай, мына түсті қайдан ғана көрдің екен, енді сені қасқыр жеп кететін болды ғой» деп жорыпты. Содан кейін келіншек бірден ауылына жолға шығып кетіпті. Түстен кейін шал келген кезде, күндіз келген келіншектің түсін жорып бергенін айтса, шалы ұрыса жөнеліп, «түс көрушіден емес, жорушыдан, түсті бет алды жоруға болмайды, түс қыл көпірдің үстінде, ұстараның жүзінде тұратынын» түсіндіріп, кім қалай жорыса, солай келетінін айтыпты. Кемпірінен барлық мән-жайды сұрай сала, атына мініп, жүрер жолымен шаба жөнелген екен. Сөйтсе әлгі жас келінді жолда қасқыр жеп жатқанын көріп, түс жорудың құдіретіне тағы бір көзі жеткендей болыпты.

Біреулер үшін түс көру – жәй ғана күндіз болған оқиғаларға байланысты болып көрінгенімен, бұл дүниеде бір сыр бар. Иісі мұсылман қауымның негізгі түсінігінде қос ұғым қайнап жатыр. Ол – өмір және өлімнен кейінгі өмір. Яғни адамзат ешқайда жоғалып кете алмайды. Сол секілді түс көруді осы өмірдегі екінші өмір деп қарастыруға болады. Адамның мүмкіндігі екі дүниеден тұрады. Бірі – ояу жүру болса, екіншісі – ұйқыда болу. Яғни, фәни мен ақырет секілді ұйқы барысында түс көру – еріктен тыс эмоционалды өмірді жасайды. Ол мүлде қисынға келмеуі де мүмкін. Адамның ойына кіріп шықпаған дүниелер түске кірсе, оянғаннан кейін оны ұмытып қаламыз. Тіпті солай болуы керек. Өйткені, бұл біздің реалистік көзқарасымызды бұзуға ықпал етуі мүмкін. Әлгінде түс көрудің екінші өмір екенін айттық. «Ал сол екінші өмірге сенуге бола ма?» деген қызық сұрақ туындауы мүмкін.

Дін мамандары түс ұғымын үш топқа бөліп қарастырады. Біреуі – Алладан келген уахи түс, екіншісі – Ібіліс салатын түс, үшіншісі өз қиялыңнан туындайтын түс. Біз көбінде өз қиялымызға байланысты түс көреміз. Ұйықтар алдында қандай оқиғаны немесе дүниені ойға алсаңыз, сол түсіңізде орындалуы немесе шынайы өмірдің жалғасы ретінде сезілуі мүмкін.

Айтпағым, қандай түс көрсеңіз де оны өзіңіз жори алмасаңыз, ең жақыныңызға жорытуға асығыңыз. Себебі, ондағы дүниелер жәй болмауы да, болуы да мүмкін. Кім не десе, о десін. Түсте үлкен тылсым дүние бар. Сенбесеңіз, бүгін қандай түс көргеніңізді есіңізге алыңыз. Көрдіңіз бе, ұмытып қалдыңыз. Ендеше мұндағы сыр кімге аян?

**Н. ІЗДІК**

# ВЕЛОСПОРТ БИІГІ

**Сыр топырағынан спорт саласы бойынша талай талант түлеп ұшты. Солардың бірі – белгілі велошабандоз Берік Көпешов. Таспадай тізілген тасжол үстіндегі тартысты бәсекеде талай мәрте топ жарған шебер еліміздің абыройын аспандатты. Қазақ велоспортының дамуына үлкен үлес қосты. Өзінен кейінгі ізбасар інілеріне үлгі болды. Бұл жергілікті бапкерлердің қаншама жыл бойы жасаған жұмысының жемісі десек, әбден жарасады.**



Берік жергілікті велоспорт мектебінің есігін алғаш ашқанда жетінші сыныпта оқитын еді. Он төрт жастағы өрен бірден-ақ спорттың қызығына түсіп кетті.

– 2001 жылы велоспорт мектебіне алғаш келгенде мені жергілікті маман Жетес Сүлейменов қарсы алды. Маған бірден велосипед бере қойған жоқ. Екі айдай уақыт өткеннен кейін тұңғыш мәрте жаттығуға қатысуға мүмкіндік алдым. Стадионды бір айналып өттім. Велосипедті үйге алып кетуге жарты жылдан кейін рұқсат етті. Бұл сәтте облыстық жарыста топ жарған едім. Сол жарыста мені Алматы қаласындағы республикалық дарынды балаларға арналған спорт-интернатында еңбек ететін Виталий Штыхлин байқапты. Көп ұзамай аталған спорт-интернатқа қабылдандым, – дейді Берік.

Дарындылар жиналған оқу ордасында ол алты жылдан астам тәлім алды. Онда велотрекке қатысты шеберлігін жетілдірді. Арада бір жарым жылдай өткенде сол сайыс түрінен қалалық жарыста жүлделі орыннан көрінді. 2004 жылы Жапонияның Осака қаласында өткен Азия чемпионатында үздік үштікке ілікті. Ал 2007 жылы Үндістанда жасөспірімдер арасында құрлықтық додада екі жүлдеге ие болды. Алдымен топтық сайыста бірінші орын алса, командалық және жекелей сында екі күміске қол жеткізді.

Сыр өрені халықаралық «Астана» велоклубының жастар құрамында сайыстарға қатысты. Әлем жанкүйерлеріне есімі белгілі Александр Винокуров, Альберто Контадор, Лэнс Армстронг секілді үздіктермен бір командада бақ сынап, шеберлігін шыңдауға күш салды. Алайда 2012 жылы түрлі себептерге байланысты велоспортпен қош айтысты. Сол жылы бапкерлік қызметке бет бұрып, Қызылорда қаласындағы арнайы мамандандырылған велоспорт мектебінде шәкірттерге тәлім берді. Екі-үш жыл елордада қызмет атқарған ол туған топыраққа оралды.

– Кезінде өзімнің шеберлігімді шыңдаған спорт мектебіне облыстың аға жаттықтырушысы қызметіне келдім. Нағыз таланттарды іздеп табуға бар күшімізді саламыз. Сырт көзге спорттың бұл түрі оңай көрінетін шығар. Алайда оның қаншама ережесі бар. Баланың қауіпсіздігі де назардан тыс қалмайды. Осылайша велоспортқа келген жас өреннің жоғары биікке жеткеніне дейін қаншама еңбек етеміз. Біз де солай тәрбиеленіп



шыққанбыз. Сол жеңісті жолды жалғастырғымыз келеді. Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда велоспорт мектебі Әлем чемпионы атанған Марат Сатыбалдиев, Сергей Капустин секілді саңлақтарды тәрбиелеп шығарған. Бұрынғыдай емес, қазір материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытында оң істер бар. Кезінде салмағы ауыр велосипедпен жаттығу жасайтын едік. Қазір талапқа сай келетін техника саны молайды. Бұл шәкірттердің шеберлігін шыңдауға барынша үлес қосады, – дейді Берік бізбен әңгімесінде.

Әлемде велоспорттан «Tour de France», «Vuelta a España», «Giro d'Italia» секілді беделді бәсекелер бар. Кезінде Берік сол айтулы аламандарда бақ сынауға мүмкіндік алды. Спортшы үшін бұдан артық сенім жоқ болса керек-ті. Ендігі кезекте сол биіктен шәкірттерін көргісі келеді.

– Шәкірттерімнің шеберлігін шыңдауға әрдайым назар аударамын. Бұған үлкен еңбекқорлық қажет. Толағай табыс оңайлықпен келмейді. Шыдамдылық, жанкештілік, жауапкершілік талап етіледі. Әрине спортқа жаңа келген жас өрен көп нәрсені түсіне бермеуі мүмкін. Оның мүмкіндігіне қарай велоспортқа тәрбиелеген артық емес. Қай кезде де біздің өңірден дарынды жастар шығып келеді. Ел чемпионатында, түрлі сайыстарда топ жарып жүр. Мұндай жастар қашан да елеусіз қалған емес. Мәселен, Аслан Силықбек, Аружан Рақымжан, Анжела Соловьёва сынды шәкірттерім Малайзияда жастар арасында өтетін Азия чемпионатына қызу дайындық үстінде. Жоғары жетістікпен оралады деген сенімдемін. Оларға қолдау көрсетіп, демеу болуға тырысамын, – дейді ол.

Дүние жүзінде велоспорт жөнінен Италия, Испания, Ресей, Франция секілді бірқатар мемлекеттер алда тұр. Сан алуан сайыстарда топ жарып жүрген таланттар үлкен еңбектің арқасында зор табысқа жетті. Бұл орайда бапкерлердің біліктілігі, материалдық-техникалық базаның жақсаруы оң әсерін тигізеді. Кейінгі жылдары елімізде көптеген ғимараттар бой көтерді. Нәтижесінде жас велошабандоздар шеберлігін шыңдап, толағай табысқа қол созды.

– Астана қаласындағы трекке арналған спорт сарайында қазір әлемдік бәсекелер өткізіледі. Жастарымыз да онда жаттығу жиындарын жасап, шеберлігін жетілдірді. Бүгінде халықаралық деңгейдегі түрлі жарыста топ жарып жүрген велошабандоздар – сол игілікті істің нақты көрінісі. Еліміз велоспорттың дамуы жөнінен әлемде өз орнын еншілеп үлгерді. Бұл бізді қуантады. Ендігі кезекте бапкер ретінде шәкірттерімнің жоғары жетістікке жетуіне үлкен үлесімді қоса беремін, – дейді Б.Көпешов.

# АҢЫЗ АҚИҚАТЫ

**Футбол серкесі Марадонаның біз біле бермейтін сыры көп. Болашақ футбол жұлдызы – Марадоналар отбасындағы бесінші перзент. Алдында төрт әпкесі бар. Әкесі Дон Диего таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыста болғандықтан, үй шаруасындағы барлық ауыртпалық Дальманың мойнына түсті. Балалары да ата-анасына қолғабыс етіп, бала күнінен қара жұмысқа жегілді. Ел аузындағы әңгімеге сенсек, Диего жеті жасқа толғанда жиен ағасы оған футбол добын сыйға тартыпты. Туысының тосын сыйлығына қуанғаны соншалық, үйде жүрсе де, қонаққа барса да ала доптан еш ажырамаған. Тіпті ұйықтағанда да оны құшақтап жатады екен.**



Жергілікті әуесқой клубтар арасында өтетін ойындарды Марадона қалт жібермеген. Үзіліс кезінде көпшілік алдына шығып, өз өнерін паш етуді әдетке айналдырған. Диего допты жерге түсірместен, басы, иығы, кеудесі, тізесі, шынтағы, өкшесі, бір сөзбен айтқанда, денесінің кез келген мүшесімен қағып, көрермендердің көңілін көтеріп жүрді. Үзіліс аяқталып, командалар алаңға шыққан кезде Марадонаның шеберлігіне тәнті болған көпшілік «Балақай, алысқа кетпе. Ойын аяқталған соң осы өнеріңді бізге қайталап көрсетші», деп алаңнан жібергісі келмеген көрінеді.

1978 жылғы әлем чемпионаты Аргентинада өткені белгілі. Марадона да айтулы жарысқа қатысуға үміттілердің бірі болды. Алайда доп додасының басталуына екі апта қалғанда бас бапкер Сезар Луис Менотти оны негізгі командаға қабылдамады. Сол жайсыз жаңалықты естігенде, 17 жасар бозбаланың ашуға булыққаны соншалық, күні-түні өз бөлмесінен шықпай, еңіреп жылаған екен. Тіпті ең жақын адамдарына да оны жұбату оңайға соқпапты. Есін жиып, өз-өзіне келгеннен кейін Меноттиге бір емес, бірнеше мәрте телефон шалып, ұлттық құрамаға қабылдауын қиылып сұраған. Бірақ бас бапкер айтқанынан қайтпайды.

Жоғарыдағы жағдайдан кейін Диего өзінің мықтылығын түбегейлі мойындату үшін көп еңбектеніп, жатпай-тұрмай даярлану қажеттігін ұғынады. Ол солай етті де. Нәтиже көп күттірген жоқ. 1979 жылы Аргентинаның жастар құрамасы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері атанса, Марадона ең үздік ойыншы деп танылды. Содан кейін-ақ өз елінің ұлттық командасының серкесіне айналды. Сол аралықта Марадона Оңтүстік Американың үздік футболшысы деген атақты иеленді. Бір сөзбен айтсақ, Диего Марадонаның спорттың бұл түрінде бағындырмаған белесі жоқ. Оның барлығын тізбектемей-ақ, әлем чемпионаттарындағы өнеріне тоқталсақ та жеткілікті деп ойлаймыз.

1990 жылғы әлемдік доп додасы Италияда өтті. Марадона бұрынғыдай бабында болмаса да, өз командасын өрге сүйреудің барлық амалын жасады. Топтық турнирде Аргентина үшінші орында қалып қойғанына қарамастан, жиған ұпайының молдығынан плей-оффта күш сынасу құқығына ие болды. 1/8 финалда олар атағы алысқа жайылған Бразилиямен ойнады. Құрамында Таффарел, Рикардо Гомес, Дунга, Алмеао, Карека, Ромарио, Бебето сынды жұлдыздары бар Себастьян Лазарони жетекшілік еткен команда ойынның басынан аяғына дейін басымдыққа ие болды. Аргентиналықтар көбіне-көп қорғанысқа мән беріп, қарымта шабуылға ара-тұра ғана жүгінді. Сондай сәттердің бірінде тағы да Диего дараланды. 81-минутта ол құйындай жүйткіп, бірнеше ойыншыны алдап өтті. Қарсыластары оны тоқтатуға тырысты. Үш ойыншының ортасында қалып қойғанына қарамастан, Марадона құлап бара жатып, алыста тұрған Клаудио Каниджаға дәл пас жеткізді. 23 жастағы жалбыр шашты жалынды жас өз мүмкіндігін қалт жібермеді – 1:0.

Ширек финалда Югославияны (0:0, 3:2) пенальти соғу барысында жеңген Аргентина жартылай финалда Италиямен кездесті. Бұл бәсекеде жеңімпаз анықталмады – 1:1. Есеп 3:3-ке жеткенде, Марадона жеңіс голын соқты – 4:3. Финалда ГФР-ден (0:1) ұтылған аргентиналық футболшылар күміс медальді мойынға ілді. Ал Диего болса, біріншіліктің ең үздік ойыншылар тізімінде үшінші орынға тұрақтады. Жарыстың жабылу рәсімінде Марадона ФИФА президенті Жоао Авеланждың қолын алудан бас тартты. Футболшының пікірінше, финалдық ойында төрешілер Аргентинаға көпе-көрнеу қиянат жасады. ФИФА басшылары соны көре тұра, жұмған аузын ашпады.

Аргентиналық бапкерлер 1994 жылғы әлем чемпионаты қарсаңында, Диего Марадонаны ұлттық құрама сапына амалдың жоқтығынан ғана қосты. Себебі құрама команда іріктеу турнирі мен жолдастық кездесулерде жиі сүрінді. Тіпті АҚШ-қа бармай қалу қаупі туды. Соңғы жолдаманың тағдыры Аустралияға қарсы бәсекеде шешілді. Сол кезде барша жанкүйер «Қатарға Марадонаны қосыңдар» деп шулады. Халықтың ашу-ызасынан ыққан бас бапкер Альфредо Басиле көпшіліктің талабын орындады. Сиднейде тең есеп тіркелді – 1:1. Буэнос-Айресте өткен қарымта матчта алаң иелерінің асығы алшысынан түсті – 1:0. Шешуші тұста Марадона нәтижелі пас беріп, көпшіліктің назарын қайта өзіне аударды. Сөйтіп, Аргентинаның футболшылары Америкаға аттанды.

АҚШ-та өткен әлем чемпионатының тұсаукесер кездесуінде аргентиналық аяқдоп шеберлері Грекия құрамасының қақпасына жауапсыз төрт гол салды. Біреуі кейіпкеріміздің еншісінде. Келесі ойында Нигериядан басым түсті – 2:1. Марадонаның пасынан кейін жеңіс голын Каниджа соқты. Үшінші матчта Болгариямен күш сынасуға тиіс еді. Алайда Диегоның допинг қолданғаны анықталып, ол жарыстан шеттетілді. Команда серкесінің қадірі сонда анық білінді. Әуелде олар болгариялықтардан 0:2 есебімен ұтылса, 1/8 финалда Румынияға есе жіберді – 2:3. Бұл Марадонаның ұлттық команда сапындағы соңғы ойыны еді.

Диего Марадонаның сирек кездесетін талант иесі екені анық. Бойы небәрі 165 сантиметр бола тұра, өзінен әлдеқайда еңгезердей ойыншылардың өзінен биік секіретін. Жүгіргенде ешкімді шаңына ілестірмейтін. Допқа таласқанда, өзгелерді тақырға отырғызып кететін. Соққысы жойқын, пасы дәл, дриблингі керемет, финттері ғажап... Осылай жалғастыра беруге болады. Бірақ ол бойындағы барлық қасиеті мен дара талантын толықтай пайдалана алды деп айта алмаймыз. Өйткені нағыз кемелденген шағында ерсі қылықтар көрсете бастады. Өзінің қиқар мінезінің кесірінен әркіммен бір дауласып, жанжалдасты. Басшыларды балағаттап, әріптестерінің жағасынан алды. Әңгімесі жараспаса, жұдырығын ала жүгіруді әдетке айналдырды. Көшеде кездейсоқ кездескен адамдармен төбелесіп, журналистерге оқ атты. Ішімдікке салынып, есірткіге әуестенді. Мас күйінде көлік жүргізіп, бейкүнә жандарды жарақаттады. Салық төлеуден жалтарып, басы дау-дамайға қалды. Қоғамдық орындарда тыныштықты бұзды. Басқа да жат қылықтарымен көзге түсіп, талай рет істі болды.

Жоғарыдағы жайттың барлығын көре тұра қоғам да, құзырлы органдар да, миллиондаған жанкүйер де Диегоға кешіріммен қарады. Өзге біреулер осындай теріс әрекеттерге барса, темір тордың ар жағынан бір-ақ шығар еді. Осы орайда Марадонаның спорт саласында қол жеткізген табысы ескерілді. Расында да, ол асқан дарын иесі, теңбіл доптың теңдессіз шебері еді.





## ӘСЕЛ СЕРІКБАЙ ӘЛЕМ КУБОГЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ



**Тәжікстаннан ақжолтай жаңалық жетті. Жерлесіміз Әсел Серікбай шахматтан Әлем кубогына жолдама жеңіп алды.**

26 мамыр-2 маусым аралығында Тәжікстанның Душанбе қаласында шахматтан Орталық Азияның аймақтық чемпионаты өтті. Әлемнің мықты спортшылары бас қосқан байрақты бәсеке қорытындысы бойынша 20 жастағы жерлесіміз, Сыр елінің мақтанышы Әсел Серікбай Азия елдерінің ең мықты қарсыластарына дес бермей, жеңімпаз атанып, шілде айында Баку қаласында (Әзірбайжан) өтетін Әлем кубогіне жолдама ұтып алды.

Айта кетейік, шахмат ойыны адамнан терең ой мен ақыл-парасатты талап етеді. Қызылордалық шахматшы қыз облыс тарихында алғашқы ФИДЕ шебері. Жасөспірімдер және жастар арасында 8 дүркін Қазақстан чемпионы, жасөспірімдер арасында 3 дүркін Азия және оқушылар арасында 2 дүркін әлем чемпионы. Жаттықтырушысы – Василий Шимельков. Шахмат тақтасының сиқыршыларымен бәсекеге бірге түсіп, тәжірибе жинақтаған Әсел біз үшін әрдайым бірінші орында.

## ДЗЮДО СПАРТАКИАДАСЫНДА ҮЗДІК АТАНДЫ



**Тараз қаласында өткен Қазақстан Республикасының VI жазғы спартакиадасы өз мәресіне жетті. Дүбірлі дода әр төрт жылда бір рет өтеді. Бұл жолғы бәсекеге 17 облыс пен республикалық маңызы бар үш қаланың спортшылары жиналды. Еліміздің әр аймағынан келіп қатысқан спартакиадада спортшылар спорттың 27 түрінен сынға түсті.**

Соның ішінде спартакиада бағдарламасындағы дзюдодан өткен жарыста Сыр елінің спортшылары топ жарып, командалық есепте чемпион атанды.

Спартакиадаға 14 қызылордалық қатысты. Оның ішінде 60 келі салмақтағы Мағжан Шамшадин, 66 келі салмақтағы Әділбек Берікұлы, 100 келі салмақпен жарысқан Шархан Нұрлыхан жеңіп алды. Бір күміс медальға 81 келі салмақтағы Жұбаназар Абылайхан лайық деп танылды. Ал 48 келі салмақ бойынша өнер көрсеткен Жанерке Асқарова мен 57 келі салмақтағы Дина Мұхамбет және 78 келі салмақтағы Әсел Бисембай үшінші орынды қанағат тұтты.

Жалпы жарыс қорытындысында сырбойылық спортшылар үздік деп танылып, командалық есеп бойынша бірінші орынға көтеріліп отыр.

Айта кетейік, жазғы спартакиада бұдан кейін де еліміздің басқа қалаларында жалғасын табатын болады.

## ҚАРМАҚШЫДА АУЫР АТЛЕТИКАДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



**Қармақшы аудандық дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында спорт жанашыры Тілеуберген Айтжановты еске алуға арналған республикалық жарыс өтті.**

Алғаш рет ауыр атлетикадан өткізілген дүбірлі жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімі Жандос Еркінбек қатысып, ауданда бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында әңгіме тінін тарқатып, жерлестеріміздің қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды. Оның ішінде республикалық жарыстар мен халықаралық байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген қармақшылық жас зілтеміршілердің жетістігін паш етіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, салтанатта Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Велори Пак, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Нұртілеу Салықов спортшылар алдында сөз сөйлеп, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Жарысқа Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе, Қызылорда облысынан және Шымкент қаласы мен ауданнан барлығы 100-ден астам ауыр атлетші өзара бақ сынасты.

**Сырбойылық жастар қашанда жақсы жаңалықтың басында, оң өзгерістің қасында жүреді. Сөзімен де, ісімен де ұлт руханиятына үлесін қосып жүрген жастың бірі – жас ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, филология ғылымдарының магистрі Дәулет Жадырасын. Жақында жарық көрген балаларға арналған «Дара бала» кітабының авторымен жаңа туынды, қазіргі балалар әдебиеті мен алдағы жоспарлары туралы тілдескен едік.**







# ШЫНАЙЫЛЫҚ СҰЛУЛЫҒЫН ЖОҒАЛТПАЙДЫ...

# ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР БАЙҚАУЫ

**Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті 10 жылдығына орай және осы редакцияда болашақ қаламгерлердің шығармашылығын шыңдауға үлес қосқан қаламы қарымды әріптесіміз Сара Омарованы еске алуға арнап «Ең үздік жас журналист» облыстық байқауын жариялайды. Байқау жеңімпаздары қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Жалпыжүлдеқоры – 300 мың теңге. I орын – 100 мың теңге, II орын – 60 мың, III орын – 40 мың теңге. Бұдан бөлек, журналист Сара Омарованың топтастарының қолдауымен арнайы жүлде (100 мың тг) қамтылады.**

**Бас демеуші: «Абай Дәулет» ЖШС**

**Жалпы ереже:**

– Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

**Мақсаты:**

– Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету

– Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту



**Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар**:

– Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында редакция жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады

–- Байқауға бұрын-соңды жарияланбаған материал жіберіледі

– Байқауға 29 жасқа дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер, журналистика факультетінің студенттері қатыса алады

– Қатысушының байқауға ұсынған материалында не теле сюжетінде жастар арасындағы өзекті мәселелер қамтылуы тиіс

– Байқауға әрбір қатысушы материалын 3 парақтан аспайтын көлемде ұсынады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілу керек. Сондай-ақ, телеарна тілшілері еңбектерін бейнетаспа түрінде ұсына алады. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұннына шылу тереңдігі, шынайылығы, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.

Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @ mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77002582883

**– Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 700 258 2883, мынадай құжаттарды қоса жібереді:**

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар / туған жері, күні, айы, жылы

2) жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті

3) байқау материалының қағаз нұсқасы

4) Байқауға жіберілген материал авторларға қайтарылмайды

5) Байқауға ұсынылған материалды қазылар алқасы бағалайды

**– Байқау үш кезеңнен тұрады:**

1) 2023 жылы 26 мамыр мен 23 маусым аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау

2) 2023 жылы 24-26 маусым аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау

3) 2023 жылы 27 маусымда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

**– Дәулет, жаңа туындының шығу тарихымен бөліссеңіз...**

– Идея авторы – белгілі радиожурналист, диктор, ауылдас ағам Мұхамедияр Рашай және талантты жас журналист Ардақ Қасымхан. Қателеспесем, қаңтар айында хабарласып, балаларға арналған кітап жазуға ұсыныс тастаған болатын. Бұрын бұл жанрда жазып көрмегендіктен алдын-ала уәде беру қиын еді. Сондықтан уақыт беруін сұрадым. Бірақ 2-3 күннің көлемінде Мұхамедияр аға берген тақырыптарға өлең жазып шықтым. Жыл басындағы жаңалық болған соң мені біраз шабыттандырды. Жазған дүнием идея авторларының көңілінен шықты. Сөйтіп, корректорлардың сүзгісінен өтіп, мамыр айының соңында баспадан «Дара бала» деген атаумен шағын кітапшамыз жарық көрді.

**– Балаларға арналған қазақша, сапалы контент жасау – «балалар жылында» ғана назарға алынатын мәселе емес. Мемлекет алдындағы маңызды міндеттің бірі десек, қателеспейміз. Соңғы жылдары балалар әдебиетіне ден қойылып келеді. Жаңа туындының артықшылығы неде? Балалар оны не үшін оқуы тиіс?**

– Дұрыс айтасыз. Бала елдің болашағы дейтін болсақ, олардың іргетасын қалауда әрбір қоғам мүшесі жауапты. Бұл жоба да осындай ізгі ниеттен туындап отыр. Артықшылық дегеннен гөрі ерекшелігі деген жөн болар, біріншіден, жаңа кітап балабақша жасындағы балақайларға арналған. Тақпақтар танымдық сипаттан ажырамай, барынша жеңіл сөздермен жазылды және көбіне қ, р, ң әріптерін жиі пайдаландық. Себебі, осы әріптердің дыбысталу мәселесі бүгінгі күні өзектілігін жоймай тұр. Ал келесі ерекшелігі – әрбір тақпақтың жанында арнайы екі QR код берілген. Бірінші QR кодта Ардақ Қасымхан балақайларға тақпақтың дұрыс оқылуын үйретеді. Балалар журналистпен бірге қайталай отырып, өлеңдерді әдеттегіден тез жаттай алады. Екінші QR код ата-аналарға арналған. Ол сілтемеде өлеңдегі күрделі әріптердің дұрыс дыбысталуын білікті логопед көрсетеді. Яғни, ата-аналар үй жағдайында баласының әріптерді жөнді айта алуын үйрете алады.

**– Өзіңізді лирикалық, сатиралық өлеңдеріңіз арқылы жақсы танимыз. Өмірге юмормен қарай аласыз ба?**

– Рақмет! Байқағаным, бастан өткен әрбір кезеңнің қайғы жеген тұстары уақыт өте келе күлімдеп еске алатын сәттерге айналып жатады. Сол кездегі кезіккен кедергілерге көрсеткен реакцияң еске түскенде, тіпті, күлкіден көзіңнен жас шығып кетеді. Қорғасындай ауыр көрінген дүниелердің кейін қауырсындай жеңіл екенін сеземіз. Яғни, бәрі де көзқарасқа, түсінікке келіп тіреледі. Шынында, өмір – жылап тұрып күлуге болатын үлкен сатиралық тақырып. «Мен бір өлеңімде былай деймін» деп аға-апалар айтпақшы, «Сүйсең сүй қара көлеңкемді де, Олдағы Күннен жаралған» дейтін тіркес бар еді бір өлеңімде. Күн болмаса, көлеңке де болмас еді. Сондықтан қараңғының артында міндетті түрде жарық тұратыны анық. Басқа келген қайғыны да, қуанышты да жақсы қабылдағанға не жетсін. Қабылдай алған адам бақыттырақ.

**– Өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Біреу үшін өлең мүшайраға арналған арнау өлеңдердің жиынтығы болса, біреуге музейге сақталған, іздеп барған адам ғана қол жеткізетін құпия қазына сынды. Сіз үшін өлең мен өнер немен өлшенеді? Не үшін жазасыз?**

– Мүшәйраға жазып тұратынымыз жасырын емес. Алайда оған өлең деп қарау айып болар. Жұмекен Ғафу жайлы мақаласында «Ол «жазу» үшін жазбайтын ақын» дейді. Байқауға көп өлең «жазу» үшін жазылады. Жүрегіңді жарып шыққан жырдың орны бөлек, әрине. Өлең, меніңше, шынайылықпен өлшенуі тиіс. Өзіңе жат болып көрінген туындыны көптің назарына ұсынып керек емес деп ойлаймын. Шынайылық қашан да сұлулығын жоғалтпайтын нәрсе. Өйткені айналамызда шынайылық тым аз. Шынымен басымыздан өткен, сезінген дүниелерді жазуға тырысып жүрміз. Ал не үшін жазып жүргенімді білмеймін. Әзір білмеген де жөн шығар. Кейін уақыт өзі көрсетеді деп ойлаймын.

**– Алда қандай жоспарларыңыз бар?**

– Жалпы жоспарсыз жүретін адаммын. Мүмкін, мұным қателік шығар. Өмір өзі аяқ астынан жаңалықтар жасап отырады. Әзірге тап басып айта алмаймын. Бірақ құдайдың бізге жақсы жоспарының бар екенін сеземін.

**– Әдемі әңгімеңіз үшін рахмет!**

**Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ**

# ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

***(8-15 маусым)***

**Тоқты**

Әр сөзіңізге абай болып, айналадағылармен барынша әдепті қарым-қатынас орнатыңыз. Аптаның барлық күні сауда-саттық жасауға қолайлы. Қаржылық операцияны жүзеге асыру қажет болса, жұманың еншісіне қалдырыңыз.

**Торпақ**

Жұмыс барысында белсенді болыңыз. Сейсенбі мен сәрсенбіде ақырын жүріп, аңдап басыңыз, қастық қылғысы келгендер қақпан құруы мүмкін. Достармен кездесуді жұма күніне белгілеген дұрыс.

**Егіз**

Маңызды шаруаңыз болса, ол жайында ешкімді құлақтандырмай, үнсіз тындырыңыз. Бейсенбі мен жұмада қызметтік міндетіңізді мүлтіксіз атқарасыз. Бұл күндері мансап баспалдағымен өрлеуге ықпалы тиетін жұмыс күтіп тұр.

**Шаян**

Бірнәрсені уысыңызда ұстамасаңыз, өзіңізді жайсыз сезінесіз. Кейде басыңызға бақ қонып, ісіңіз біреудің арқасында жақсы жүріп жатқандай көрінеді. Қалай болғанда да барлығының сәтті өтіп жатқаны үшін алғыс айтуды ұмытпаңыз.

**Арыстан**

Бұл белгідегі жандар бай болудың қыр-сырын біледі. Асықпайды, бірақ бәріне үлгереді. Сіздер үшін ең қолайлы күн – бейсенбі. Тек ақшаны орнымен жұмсай біліңіз.

**Бикеш**

Айналадағы адамдармен қарым-қатынасыңыз жақсы. Келіссөздер жүргізуге өте қолайлы апта. Барлық адам сізге қызығады. Неге «менің де жолым болмайды» деп таңданатын жандар көп.

**Таразы**

Апта сәтті басталмақ. Барлық шаруаларыңызды жинап қойып, сүйіктіңізге көңіл бөліңіз. Ол сізден қолдау күтеді.

**Сарышаян**

Өзіне жасалған жақсылықты, сыйлықты, сондай-ақ біреудің тарапынан болған реніш пен сатқындықты ешқашан ұмытпайсыз. Бұл әдеттен арылу керек.

**Мерген**

Ескі дос-таныстармен ұшырасасыз. Сәрсенбі мен жұма күндерінің аралығы үй шаруашылығын қолға алу мен сауда-саттық жасауға қолайлы. Ал сенбіні сәтті өткізгіңіз келсе, интеллектті арттырып, жаңа білім алуға, шығармашылығыңызды шыңдауға, туыстармен әңгіме-дүкен құруға талпыныңыз.

**Тауешкі**

Осы аптада іскерлік белсенділік арта түседі. Туған-туыстармен тығыз қарым-қатынас жасауға да қолайлы. Тек қалтаңыздағы қаражатқа мұқият болған жөн.

**Суқұйғыш**

Жаңа бастамаларды қолға алып, тұрмыстық мәселені шешуге қолайлы апта. Бұл күндері сапарға шығу керек болса, жолда барынша сақтық танытыңыз. Сауда-саттық пен мансап баспалдағымен жоғары өрлеу үшін ең сәтті күндер – бейсенбі-жұма.

**Балық**

Қаржылық мәселені шешуде асығыстыққа бой алдырмаңыз. Бейсенбі мен жұма – жаңа бастама мен маңызды адамдармен кездесу ұйымдастыруға арналған күндер. Ал, сауда орнын аралап, зат алуды сенбінің еншісіне қалдырған дұрыс.

**Кезекші редактор: З.ҚОНЫСЖАН**

**Адамзаттың эмоционалды күйі оның жұмысына, ортасына жақындарына ғана емес, бүкіл қоғамға әсер етеді. Мәселен, егер сіздің көңіл-күйіңіз болмаса, өзгелердің сізге айтқан ұсынысын, қарым-қатынасын мүлде басқаша қабылдауыңыз мүмкін. Біздің санамызда кез-келген дүниені қабылдау үшін күлкіні яғни қуанышты қажет ететін респекторлар бар. Күлкі – қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін ым-ишара. Күлкі мен қуанып жүрудің өзіміз үшін пайдалы екенін бұрыннан білеміз. Саламатты өмір салтын сақтап жүрсеңіз де, жүзіңізде жымию болмаса, ішкі ағзалар шаршаңқы, әлсіз болып кетеді екен. Күлкінің өмірді ұзартатынын көп айтамыз. Бірақ ол шынымен өмірімізді ұзарта ала ма? Бұл сұрақ қарапайым адамдарды ғана емес, күлкінің денсаулығымыз бен ұзақ өмір сүруімізге әсерін зерттейтін ғалымдарды да қызықтырады. Бұл мақалада біз осы мәселе бойынша ғалымдардың әртүрлі көзқарасынан туындаған мынадай фактілерді ұсынамыз. Оқып көріңіз.**

# КҮЛКІ ӨМІРДІ ҰЗАРТА МА?

**1. Күлкінің физикалық денсаулыққа әсері**

Күлу арқылы тек көңіл-күй ғана көтерілмей, денсаулығымыз нығайып, иммундық жүйе жақсарады және ауруға қарсы тұрады. Ол тек денсаулыққа пайда беріп қоймай, стрессті азайтуға ықпал етеді. Жүрек-тамыр жүйесінде жоғары қанайналым жасап, аурудың алдын алады.

**2. Күлкінің психологияға пайдасы**

Күліп жүру арқылы стресстен арылып, көңіл-күйді жақсартуға болады. Осы арқылы әлеуметпен байланысыңыз артып, жақындарыңызға деген жылулығыңыздың жалыны күшейеді. Бұл аз десеңіз, өзіңізге сенімділік жоғарылап, лидерлік қабілетіңіз артады. Әрине, беталды күлкі емес, шынайы эмоцияны шығарған кезде ғана.

**3. Күлкі терапиясы. Шынайы эмоция – шипа**

Әлем халықтарының 5\1 бөлігі күнделікті стрессте жүретіні анықталды. Яғни, әрбір бес адамның біреуі – томаға тұйық, өз ортасында жабық болып келеді деген дерек бар. Оның мұндай халде болуына жәй ғана күлмеуінің немесе эмоциясын шынайы шығара алмауы себеп. Сол үшін психологтар депрессия мен стресске түскен адамға айнаның алдында отырып жалған күлкі жасауы – шынайы эмоциясын шығаруға көмектесетінін айтады. Егер, олай істеуге дәл қазір мүмкіндігіңіз болмаса, жәй ғана өткен шақты еске алыңыз. Себебі, өткен шақтың қайғылы болуы мүмкін емес.

**4. Күлкі – әлеуметтік құрал**

Күлкі – адамдар арасындағы әлеуметтік байланыс пен өзара әрекеттесуге ықпал ететін әмбебап тіл. Ортақ әзіл немесе күлкілі жағдай адамдарды біріктіріп, жағымды атмосфераны қалыптастырады және қарым-қатынасты белсенді ететін шынайы дүние – осы.

**5. Күлкі және психологиялық әл-ауқат**

Жәй ғана жымию – жағымсыз эмоциялармен күресуге көмектеседі, қиындық туралы ойлай беру мен алаңдаушылықты азайтады. Бұл – релаксацияның бір түрі. Сіздің көңіл-күйіңізді және жалпы психологиялық әл-ауқатыңызды жақсарту тәсілі – осы күлкі емес пе?

**6. Күлкі табиғи ауруды басатын құрал ретінде ерекше**

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, күлкі ауырсыну сезімін азайтуға және ауырсынуға төзімділікті жақсартуға көмектеседі. Күлкі кезінде денеде пайда болатын процестер эндорфин сияқты табиғи ауырсынуды басатын заттардың шығарылуын ынталандырады.

**7. Күлкі және когнитивті жетілдіру.**

Зерттеулер нәтижесінде күлкі есте сақтау, зейін және шығармашылық ойлау сияқты когнитивтік функцияларды жақсартатыны анықталды. Күлкі мидың жұмысын жақсартады һәм ақпарат алмасу мен оны қорытуды тездетеді.

**8. Күлкі және иммундық жүйе.**

Күнделікті күліп жүру – иммундық жүйенің де жұмысын жақсартады. Күлкі кезінде дене антиденелерді көбірек шығарады және инфекциялар мен аурулармен күресуге көмектесетін иммундық жүйенің жасушаларын оятады Адамның күні бойы шаршап құрткан энергиясын күлкі кезінде қайта жинап алуға болады екен.



Мақалада сіздің күліп жүруіңізге арналған 8 себепті айқындап көрсеттік. Бұл деректердің ішінде ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері мен белгілі ғалымдардың пікірі жинақталған. «Күлкі біздің өмірімізді ұзарта ма?» деген сұраққа жауап осы фактермен айқындалады. Дегенмен көптеген зерттеулер күлкінің денсаулығымызға және әл-ауқатымызға оң әсерін көрсетеді. Күлкі тек қуаныш пен көңіл көтеруді ғана емес, сонымен қатар физикалық және психикалық күйімізді нығайта алады. Сондықтан, күліп жүріңіз, оқырман!

**Нұртілеу КҮМІСБЕКҰЛЫ**

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 6931**
**Тапсырыс: 901**